

2

АРАП ҚАСІРЕТІНЕ
ӘЛЕМ АЛАНДАУЛЫ

4

ШЫҒАРМАЛАРЫ
ШЫҒАЙЫЛЫҒЫМЕН ҚҰНДЫ

6

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕНІҢ
"ТОЛҚЫНЫ"

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№171
(20047)

12 қараша, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ШЫҰ: СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢНІҢ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ



Мемлекет басшысы видеоконференция форматында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев саммитті ұйымдастырғаны үшін Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге ризашылығын білдірді және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды жуырда өткен президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Қазақстан Президенті Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылғаннан бергі 20 жыл ішінде ауқымды жұмыстар атқарғанын және ең табысты халықаралық ұйымға айналғанын атап өтті. Ұйым құқықтық жағынан ғаламшардағы аумақтың төрттен бірін, Жер бетіндегі халықтың 40 пайызын және әлемдегі ішкі жалпы өнімнің үштен бірін қамтитын кеңістікте ынтымақтастық пен өзара

сенімнің тиімді құралы ретінде бағаланады. Бірақ коронавирус пандемиясы әлемдік қоғамдастық үшін қатан сынақ болып отыр. БҰҰ-ның деректеріне сәйкес әлемдік экономиканың құлдырауы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 4,4 пайызға жетеді, халықаралық туризм деңгейі 70 пайызға төмендейді және тікелей инвестиция тарту көлемі 40 пайызға дейін құлдырайды.

— Мұндай жағдайда «Азаматтарымыздың мүддесі жолында Шанхай ынтымақтастық ұйымын күрделі жағдайға қалай бейімдейміз?» деген сөкілді өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табуға тиіспіз. «Шанхай рухы», сондай-ақ, қазіргі сын-қатерлерге бірлесіп ұтымды жауап іздеудегі мол тәжірибе, түптеп келгенде, осы ауқымды міндетті шешуге мүмкіндік береді. Қазақстан ортақ күш-жігердің «Бәрі де адам үшін» деген ізгі мақсатқа қол жеткізуге бағытталғанын аса маңызды санайды. Осы ретте «сұжымдық иммунитетіміздің» күшеюін пандемия мен басқа да жаһандық сын-қатерлерге қарсы қоюдың кепілі деп білемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

● ЕЛБАСЫ

ХАЛЫҚ БІРЛЕСІП КӨТЕРГЕН ОРТАҚ ШАҢҒЫРАҚ



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті.

Кездесу басында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы мен қалыптасу процесіне тоқталды.

— Ширек ғасырда Ассамблея консультативтік-кеңесші органнан парламентте өкілдігі бар жалпыұлттық институтқа айналды. Ол азаматтық қоғамға тән әмбебап құрылымның озық үлгісін көрсете білді. Достық, бейбітшілік, тыныштық пен сенім қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына маңызды үлес қосты, — деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы.

Елбасы Қазақстанда тиісті заңдар қабылданғанын, соған сәйкес этносаралық және конфессияаралық келісімге нұқсан келтіретін кез келген әрекет конституцияға қайшы келетінін атап өтті.

— Қазақстанның бұл саладағы саясаты халықаралық талаптарға толық жауап береді. БҰҰ, ЕҚЫҰ сияқты іргелі ұйымдар еліміздің ұлтаралық қатынастар моделіне және ұлт бірлігін нығайтуға бағытталған күш-жігеріне үнемі жоғары баға беріп келеді, — деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды. Елбасы мемлекеттік тілдің біріктіруші рөлі Қазақстандағы барлық этнос тарапынан қолдау тапқанын атап өтті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті коронавирус індеті эпидемиясы кезінде Ассамблея өкілдерінің халыққа қолдау көрсету бағытында атқарған жұмысын ерекше атап өтті. Кеңес барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы қоғам келісімі мен ел бірлігін нығайту жолындағы негізгі міндеттерге егжей-тегжейлі тоқталды.

2-бет

● САПАР

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ЖАҢАҚОРҒАН

...Шиелі сапарынан соң Жаңақорғанға бет түзегенбіз. Осы екі арада көне қала – Сығанаққа соғу ойымызда бар. Қазба жұмысы жүріп жатқан ежелгі тарихи орыннан қандай да бір жаңалық білгіміз келген.

СЫҒАНАҚТА БОЛҒАНДА...

«Берсе Тәңірім екінші өмір қиғандай, Көз жұмар ем Сығанақта қиналмай» деп Нисамеддин Сунақ ата айта-тынындай бар. Орта ғасыр дәуірінде ең көрікті, ең бай, ең дамуы мықты қала осы еді. Жазбаларды ақтарсаңыз солай дейді. Тарихта бір құлап, бір гүлденген Сығанақ үшін қанша хан қаһарлы соғыс ашқанын оқып та жүріміз. Біз аралаған көне шаһар қазақ даласындағы үш, мүмкін, одан да көп хандықтың астанасы болған. Бұл қала әлемнің барлық көне жазбалары мен карталарында көп кездеседі.

Ежелгі шаһардың орны Жаңақорғандағы Сунақата ауылының батысында 1,5 шақырым қашықтықта жатыр. Қаланың орны жал-жал болып үйілген қара топырақ. Ең алғаш көзге бірден көрінетін үлкен қырат, үйіліп жатқан ежелгі қорғандар орны. Қорғанның көбісі жермен жек-

сен болып шөгіп кеткен. 1000 жылдан аса тарихы бар жер арнайы қоршауға алынып, мемлекет қарауына өткен. Мұнда археологиялық қазба жұмыстары әлі де жүргізілу үстінде. Сапар барысында көзбен көргеніміз — қиыш құмыралар, сүйектер, ошақ орындары мен Хан сарайы орналасқан төбе.

Біздің тарихшылар Сығанақ қаласының өз заманында халықаралық сауда орталығы болғандығын да айтады. Ұлы Жібек жолында орналасқан Сығанақта күніне 100 түйеге артылған тауар сатылған көрінеді. Солардың арасында көшпелілер алып келетін ең жақсы садақтар мен жебелер үлкен сұранысқа ие болған.

3-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ОНЛАЙН САУДАНЫҢ ИГІЛІГІ МЕН ШИКІЛІГІ

Үй аралап, компания тауарын ұсынатын, көше бойында жарнама қағазын тарататын, базар алдында «біздің дүкенге кіріп көріңіз!» деп айғайлап тұратындар барлығымызға таныс. Себебі, еліміз бұл көріністен түгел арылған жоқ. Дегенмен, маркетинг саласы да жаңаша кейіпке енуде. Қазір азық-түлік тауарына дейін есіктің алдына жеткізіп беретін қызмет барын ескерсек, біз онлайнның оңтайлы тұсын пайдаға жарата алдық деп айта аламыз. XXI ғасырдың базары – онлайн дүкендердің дамуы жайлы тарқатсақ.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бүгінде супермаркеттер, үлкен сауда орталықтары желідегі саудаға қызығушылық таныта бастады. Әлеуметтік желінің қай түрін алсаңыз да, түрлі дүкеннің жарнамасы толып жүр. Қарапайым Instagram желісін алайықшы. Қазір кіммен кездессек те, кіммен сөйлессек те «инстаграмда барсың ба?» деп сұраймыз. Жалпы Instagram — жарқын

сәттер мен көңілді кездерден естелік қалдырып, суреттермен бөлісетін және басқа да таныстар мен достардың фотосуреттеріне, шағын бейнежазбаларына баға беріп, пікір алмасатын әлеуметтік желі. Ал, ең бастысы, мұнда өз өнімді жариялап, сауданың көрігін қыздыруға мүмкіндік бар.

3-бет



● ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

ӨЗГЕ МАҚСАТҚА БЕЙІМДЕЛЕ БАСТАДЫ

Бүгінде облыста жалпы саны 128 тойхана бар. Төтенше жағдай мен карантиндік шараларға сәйкес бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысымен тойханалардың қызметіне тыйым салынды. Бұл қауіпті дерттің алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған.

Қызметіне тыйым салынған кәсіпкерлік нысандарын қайта жандандыру және басқа салаларға бағыттау мақсатында облыс әкімдігінің «Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары» әзірленді.

— Жоспар аясында 10-нан аса тойхана қызметтерін өзге салаларға бағыттады. Атап айтқанда, Арал ауданындағы «Ақниет» тойхана-сы сауда нысанына айналды. Ал, Қармақшы ауданындағы

«Алтын ғасыр» тойханасы отбасына арналған киімдер сататын сауда орталығы болды. Сол аудандағы «Мәлике ана» тойханасы енді балалар ойын алаңы мен кондитерлік өнімдер өндіретін цехқа айналды. Қызылорда қаласында орналасқан «Ұлытау» шырын мен сусын өндіріс іске қосады, — деді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мамандары.

ХҚО ТЕК ХАБАРЛАМА ЖОЛДАЙДЫ

«Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы соңғы айда азаматтарға қоңырау шалып, өзін ХҚО қызметкері деп таныстырып, қарызын төлеуді немесе тексеріс үшін жеке басының мәліметтерін сұрайтын алаяқтар әрекеті жиілеп кеткенін ескертеді.

Келенсіз жайттарды болдырмау үшін мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің ешкімге қоңырау шалмайтын, борышкерлердің мәліметтер базасын көре алмайтын және коллекторлық компаниялардың жұмысына еш қатысы жоқтығын хабарлайды. «Азаматтарға арналған Үкімет» пен қызмет алушы-

лар арасындағы кез келген байланыс 1414 нөмірінен жолданатын SMS хабарлама түрінде ғана болуы мүмкін. Азаматтарға броньдау, құжаттар мерзімінің аяқталуы, құжаттың дайын болғаны немесе композит қызметтеріне қатысты хабарламалар жолданады.

«СБ» ақпарат



ШЫҰ: СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢНІҢ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысының пікірінше, Шанхай ынтымақтастық ұйымы пандемияның теріс салдарын жою жөніндегі күш-жігерді үйлестіру тұрғысынан өз деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

– «Дос қиындықта сыналады» деген барлық халық үшін түсінікті мақал осы ауыр індет ұшыққан кездегі Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ынтымақтастық рухын дәл айғақтайды. Өзара гуманитарлық көмек пен эпидемиолог мамандардың жіберілуі елдеріміздегі ахуалды тұрақтандыруға септігін тигізді. Қазақстан жаһандық проблема кезіндегі белсенді әрі жемісті ынтымақтастығы үшін тиісті мемлекеттерге, соның ішінде, Ресей мен Қытайға ризашылығын білдіреді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиында Эпидемия қаупіне қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимылдардың кешенді жоспарының бекітілуін жоғары бағалады, сондай-ақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аясында Аурулар мен биологиялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі өңірлік орталықтар желісін құру туралы Қазақстан бастамасының маңызды екенін атап өтті.

– Өлемдегі құбылмалы жағдай «үш зұлмыдық» – сепаратизм, терроризм және экстремизмнің күшеюіне алып келді. Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге, соның ішінде, Интернет желілеріндегі қарсы күресте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы жөніндегі бағдарламаның белсенді жүзеге асырылуы біздің ұйымның өршіп келе жатқан қауіп-қатерге беретін тиісті жауабы болар еді. Қоғамдық және экономикалық өмірдегі көптеген саланың онлайн кеңістікке көшуі киберқауіпсіздік мәселесін өзекті ете түседі. Сондықтан Шанхай ынтымақтастық ұйымының Террорға қарсы өңірлік құрылым базасында Ақпараттық қауіпсіздік орталығын жедел құру қажет деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы үшін Ауғанстанды қайта қалпына келтіру мәселесі өзекті болып табылады. Қазақстан Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан оңалту үшін «ШЫҰ–Ауғанстан» байланыс тобы аясындағы ынтымақтастықты жалғастыруға дайын. Бүгінде «үш зұлмыдықты» күш қолдану арқылы жеңу мүмкін емес екені айқын болды. Терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және рухани құндылықтардың құсыздануына қарсы күресте халықтардың жасампаздық әлеуетін жұмылдыру үшін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің бірегей мәдени мұрасын дамыту маңызды. Қазақстан Президенті Шанхай ынтымақтастық ұйымы үшін келесі жылды – ШЫҰ-ның Мәдениет жылы деп жариялағанын қолдады.

– Протекционизмнің күшеюі және тауар тасымалдауға қатысты халықаралық тізбектің үзілуі ұйымымыздың экономикалық әлеуетін жедел айқындау қажеттігін көрсетіп отыр. ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарының бекітілуі өзара сауда-саттықты қалпына келтіруге және арттыруға септігін тигізеді деп үміттенеміз. Аталған міндеттің шешілуі жобалық іс-әрекеттердің қаржыландырылу тетігін қалыптастыру жөніндегі келіссөздерді тездетулі талап етеді. Өзара есеп айырысуда ұлттық валюталардың рөлін біртіндеп арттыру, сондай-ақ, Еуразиялық қаржыландыру, кеңес беру механизмін қалыптастыру жөніндегі Жол картасы сияқты шаралардың қабылдануы бұл жұмысқа тың серпін берер еді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан тарапының Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынысын тағы бір мәрте еске салып, Технопарктер пулы жөніндегі тұжырымдамасын келісу жұмыстарын жеделдету керек екенін айтты. Сонымен қатар Шифрлық дәуір кезеңіндегі шалғай және ауылдық аймақтарды дамыту жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасына қол қойылғанын құптады. Президент өз сөзінде елдеріміз арасындағы сауда-саттықты кеңейту мен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше және бақылаушы мемлекеттердің инфрақұрылымдық дамуының ұлттық бағдарламаларының синергиясын қамтамасыз ету үшін өзара коллік-логистикалық іс-қимылды нығайту қажеттігін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының дамуы ортақ күш-жігерді біріктіретініне сенімді. Қазақстан инфрақұрылымдық және логистикалық жобаларды бірлесіп атқару мақсатында қажетті шараның барлығын қабылдайды. Бұл біздің экономикамыз үшін пайдалы болмақ. Сондай-ақ, Президенттің пікірінше, экология мәселелерін де назардан тыс қалдыруға болмайды.

Біз экологиялық проблемаларды және оның мемлекеттеріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы барысындағы теріс салдарын назарда ұстауға міндеттіміз. Сондықтан Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің тиісті ведомстволары аталған проблема бойынша өзара іс-әрекетін күшейтуі аса маңызды. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Экологиялық проблемаларының реестрін жасау бұл бағыттағы жұмыстардың жай-күйін тұтас көруге мүмкіндік берер еді. Бұл – шұғыл ұжымдық шешімді талап ететін мәселе, – деді Мемлекет басшысы.

Биылғы жыл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына және БҰҰ-ның құрылғанына 75 жыл аясында өтіп жатыр. Келесі жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымына 20 жыл толады. Президент осынау тарихи кезеңдерді өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу үшін таптырмас тәсіл ретінде қолданудың айрықша маңызды екеніне сенімді. Сыртқы ашықтық пен Халықаралық әріптестік аясын кеңейтуге ұмтылу – ұйым тиімділігінің кепілі. Сондықтан Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының өзге де халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою туралы шешімін құптады.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының мерейтойы – бұл оның елеулі жетістіктерін атап өтуге ғана емес, сондай-ақ, осал тұстарымызды анықтап, «өттеген-ай» дейтін жерлерімізді ой елегінен өткізіп, одан пайдалы сабақ алу үшін жақсы мүмкіндік. Сондықтан хатшылыққа ұйымның тетіктері мен органдарының қызметін жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар енгізе отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымының жұмысына жан-жақты талдау дайындауды тапсыруды ұсынамын. Біздің халықтарымыз Шанхай ынтымақтастық ұйымына үлкен үміт арттады. Олар біздің Ұйым шеңберінде ымыраласу және өзара мүдделерді ескеру негізінде жемісті ынтымақтастық орнатып, сол арқылы бүгінгі сынақтар мен алдағы сын-қатерлерге абыроймен төтеп беріп, азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік болады деп санайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қош-басшыларын ортақ міндеттерді шешу және «Шанхай рухы» нығайту жолында бірігуге шақырды.

1-бет

ХАЛЫҚ БІРЛЕСІП КӨТЕРГЕН ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ

Елбасы Үкімет тарапынан елдің тұрақты экономикалық дамуына, азаматтардың әлеуметтік жағдайын және жалпы елдің әлауқатын арттыруға бағытталған дағдарысқа қарсы шаралар қабылданғанын атап өтті.

– Кәсіпкерлікті қолдау және экономикалық дамудың елімізде қабылданған мемлекеттік бағдарламалары бізге миллиондаған қазақстандықтарды тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауын іске асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл Жолдау ел өмірінің барлық саласындағы реформалардың ауқымды бағдарламасы іспеттес, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Этносаралық қатынастарда жаңа, инклюзивті саясатқа деген сұраныс барын айта келе, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы қоғамды біріктіру үдерістерін тереңдетуге бағытталған іс-шаралар әзірлеудің маңыздылығын тоқталды.

1-бет

– Біз бірлік пен келісімнің қазақстандық моделінің интеграциялық әлеуетін тиімді әрі белсенді түрде жүзеге асыруымыз керек. Қазақстанның этностық және мәдени әралуандығын бәсекелік артықшылыққа және елді дамытудың тәуелсіздікті нығайтудың тиімді тетігіне айналдыру жұмысын жалғастыру қажет. Татулық, келісім мен бірлік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болып қала береді. Бұл – этносаралық қатынастар саласындағы мызғымас ұстаным және ол өзгермейді, – деді Елбасы.

Сонымен қатар Қазақстанның Тұңғыш Президенті қазақ тілінің біріктіруші факторға айналып, ел бірлігін одан әрі нығайту үшін әлеуеті зор екенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев елдегі ұлтаралық ынтымақтастықты нығайту үшін қазақ халқының артып келе жатқан тарихи рөлі мен жауапкершілігіне тоқталып өтті.

– Қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт деп нық сеніммен айта аламыз. Халқымыздың басым бөлігі – қазақ. Сонымен бірге өзімізді, ұлттық намысымыз бен қадір-

қасиетімізді және тілімізді құрметтей отырып, еліміздің дамуына үлесін қосып жатқан басқа да отандастарымызға құрметпен қарауымыз керек. Қазақстанның және оның барлық азаматтарының мықты және тартымды болашағының бейнесін тек бірлесе қалыптастыруға болады, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы.

Сондай-ақ Елбасы барлық этнос өкілдерін ел өміріне белсене атсалысуға шақырды.

– Халықтың үштен бірі – түрлі этнос өкілдері. Қазақстанның жетістіктеріне қосқан олардың үлесі баршаға аян және біз осы әлеуетті одан әрі арттыруға тиіспіз. Әсіресе, бұл этникалық топтар бір аумақта шоғырланған жерлерге қатысты. Бір жағынан онда осы этностардың дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтау және дамыту үшін тиісті жағдай жасалған. Ал екінші жағынан осы негізде біз мәдени, лингвистикалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ашық, оқшауланбаған қоғамдастықтарға қолдау көрсетуіміз керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Ассамблеяның ақпараттық-идеологиялық жұмысында жастар арасындағы толеранттылықты күшейтуге және ксенофобияға қарсы күреске ерекше мән беру керектігін атап өтті.

– Ассамблея елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің ортақ тілегі мен ұмтылысының арқасында құрылды. Ассамблея – бүкіл халқымыз бірлесіп көтерген ортақ бір шаңырақ. Бәріміз оны қастерлеуіміз керек. Біздің интеграциялық моделіміз – әрі қарай өмір сүріп, дами беретін әлеуметтік-мәдени, өркениетті тірігіміз, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы.

Кенес отырысы барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңа орын-басарлары таныстырылды: Алматы облысы Ұйғыр мәдени орталығының төрағасы Закиржан Пирмухамедович Кузиев және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Kazakh TV» теларнасының директоры Бекбаева Мая Төлегенқызы.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы Елдік кеңесінің жетекшісі Кэролайн Кларинвалмен кездесіп, Covid-19 және экология мәселелерін талқылады деп хабарлайды облыс әкімінің қызметі.

Сонымен қатар кездесуде кеңесші-дәрігер Омар Салеха және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласының сарапшысы, дәрігер Осама Магер қатысып, қоршаған орта мен экологияның адам

өміріне әсер ететін факторлары туралы ой бөлісті.

Аймақ басшысы тәжірибесімен бөлісуге келген мәртебелі меймандарға бірлескен жұмыстар үшін алғысын айтып, өңірде вирус індетінен сақтануға мен дайындық барысын сөз етті.

– Дәл қазіргей күрделі өтпелі шақта әрбір адамның денсаулығы аса маңызды. Мұндай кездесудің берері мол. Себебі қазіргі жағдайда ең өткір проблемаларды анықтап, бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруда күш біріктіру арқылы ғана біз өз мақсатымызға қол жеткізе аламыз. Сіздердің Арал өңіріндегі проблемаларды зерттеуге деген ынталарыңыз және халық денсаулығын сақтауға арналған кешенді жұмыстарыңыз біз үшін қажет. Пандемияның болжамды екінші толқыны кезінде біз медицинаның дайындығын күшейтіп, жаңа ауру-хана салып, қажетті медициналық препараттардың мол қорын жасаудамыз, – деді облыс әкімі.

Қабылдау барысында Елдік кеңесінің жетекшісі, медицина докторы Кэролайн Кларинвал қоршаған ортадағы экологияның адам ағзасына әсерін зерттеу

арқылы медицинадағы бірқатар проблемаларды шешуге болатынын айтты. Ал, дәрігер Омар Салеха Арал теңізінің экологияға тигізетін әсерін зерделеу керектігін көтерге салып, бұл іргелі ізденістерді қажет ететінін тілге тиек етті.

Медицина маманы, қоршаған ортаны қорғау саласының сарапшысы Осама Магер қоршаған ортаның ластануы тыныс алу, аллергия және онкологиялық аурулардың жиі көтерілуіне алып келетінін назарға салды. Бұл ретте әр өңірдің ерекшелігіне қарай жұмыс жүргізу керектігін жеткізді.

Жиын соңында облыс әкімі арнайы жұмыс сапарымен келген білікті медицина мамандарының еңбегін атап өтіп, ортақ мәселелерді шешудегі ықпалдастығы үшін алғысын білдірді.

Айта кетейік, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері 3 күнге жоғарланған сапары аясында арнайы «дөңгелек үстелге» қатысып, өңірдің емдеу мекемелеріне барып, медициналық ахуалымен танысды. Сонымен бірге кіші Аралға сапар жасайды.

«СБ» ақпарат

АРАЛ ҚАСІРЕТІНЕ ӘЛЕМ АЛАҢДАУЛЫ

Арал қасіретіне әлем әлі күнге алаңдаулы. «Арал өңірі тұрғындарының денсаулығына қоршаған орта факторларының әсері» деген тақырыппен Қызылордада өткен жиында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері өзекті мәселелерге ден қойды. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

– Теңіз тағдыры орасан зор әлеуметтік-экономикалық салдары бар экологиялық түйткілге айналды. Ол белгілі бір аймақтың немесе елді мекеннің шеңберінен асып, жаһандық деңгейге көтерілді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Ұйымның Қазақстандағы елдік кеңесінің өкілі, доктор Кэролайн Кларинвал сапар мақсаты – өңір тұрғындарының жағдайын бағамдап, үніне құлақ түру екенін жеткізді. Нәтижесінде климаттық өзгерістің адам денсаулығына ықпалын бақылау, қоршаған ортаны сауықтыру шаралары жалғаспақ.

1992 жылы қантарда Арал өңірінің Қазақстан бөлігін Үкімет экологиялық қасірет аймағы ретінде жариялады. Республика заңдарында Арал төңірегіннің шөл далаға айналғаны және осы аймақты мекендеген тұрғындардың тіршілік жағдайының нашарлағаны, ауру-сырқау көбейгені көрсетілді. Сол жылғы жазда экологиялық апат аймағында тұратын халықты әлеуметтік қорғау туралы заң қабылданды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов Аралды сауықтыру шараларының сәтті жүзеге асырылғанын жеткізді.

– Өлемде жоғалған теңізді «тірілкен» жағдайлар болған емес. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен САРАТС жобасы сәтті жүзеге асырылып, Аралдың солтүстік бөлігіндегі су көлемі 27 миллиард текше метрге жетті. Жергілікті халық туған жерге оралып, атақасіп – балық шаруашылығымен қайта қауышты. Аудан орталығынан қаншама шақырым қашықтап

кеткен теңіздің ұзақтығы 17 шақырымға дейін қысқарды. Ауылдық жерлерге су, газ барды. Көлік және темір жолдары, әлеуметтік нысандар салынды. Химиялық кластер құрылып жатыр. Ең бастысы, адамдар өз болашағын игілікпен байланыстырады, – деді ол.

Бірақ бұл токмейілісуге негіз емес. Теңіздің тартылып, табанының құрғауы сыр-бойылықтардың табиғи өсіміне кері әсер етті. Соңғы 5 жылда туу көрсеткіші шамамен 10 процентке төмендеді. Қан айналымының бұзылуынан түрлі дертке шалдығып, қатерлі ісікпен ауыратындар көбейіп барады. Өкініштісі сол, өлім-жітімнің 48,2 проценті еңбекке қабілетті жастағылардың үлесінде.

Ас қорыту, сүйек-бұлшықет және жүйке жүйелерінің бұзылуы, анемия және тағы басқасы жасты да, жасамысты да алаңдаттып отыр. Арал өңірі тұрғындары, оның ішінде балалар арасында мүгедектік көрсеткіші соңғы 10 жылда 34 процентке артты. Жасқа толмаған сәбилер арасындағы қайғылы жағдайлар көрсеткіші жіті назар аударуды қажет етеді. Басқарма басшысы олардың денсаулығы – қоршаған ортадағы жағымсыз факторлар әсерінің басты индикаторы екенін атап өтті.

Өткен ғасырда тұтас одақтағы экономикалық өсімнің қайнар көзі болған теңіздің қазір тек Қазақстанға тиесілі азынғай бөлігі қалып отыр. Соның арқасында аймақ жұртшылығының тұрмыс-тіршілігі сәл де болса түзеліп келеді. Бірақ шешімін күткен проблема шаш етекпен. Әсіресе, теңіз табанындағы тұздың зардабы орасан.

Табаны шамамен 40-45 жыл бұрын құрғаған теңіздің 6 млн гектар аумағы тұзды шөлге айналды. Одан көтерілген миллиондаған тонна құм мен шаң жыл сайын егін, жайылым алқаптарын, бау-бақшаны ластайды. Ауыл шаруашылығы өнімділігіне кері әсерін тигізеді.

Бұл мәселе Сырдарияның ең төменгі бөлігінде орналасқан біздің өңір үшін өте өзекті. Оның үстіне, соңғы онжылдықта мұнай және уран өндірісі кеңінен дамыды. Жағдайды «Байқоңыр» ғарыш айлағы да күрделендіріп отыр. Жылда әлемдегі барлық ғарыштық ұшырылымның 30 проценті осы жерден басталады, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Оспанов.

Ол теңізді бәз-бағыз қалпына келтіру мүмкін емес екенін, ендігі жерде Арал дағдарысының айналасына, адамдардың өмір сүру сапасына зардабын азайтуға ғана болатынын жеткізді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақов су тапшылығы – Қазақстанда ғана емес, көрші мемлекеттерде де маңызды мәселе екеніне тоқталды. Егін шаруашылығына ден қойған, оның ішінде күріштің отаны саналатын Сыр өңірінде бұдан айналып өтуге болмайды.

Ал университет профессоры, биология ғылымдарының докторы Салтанат Ибадуллаева аграрлық сектор мен өнеркәсіп қалдығы – табиғатты ластаушы бірден-бір көз екенін айтты. – Бұл ахуалды одан сайын асқындырып, ағзының резервті мүмкіндігін төмендету арқылы өзгеріс факторларына бейімделуде қиындық туғызады. Тексеру қорытындысынан климаттық-географиялық, антропогенді факторлар жүрек-қан тамыры жүйесіне тікелей әсер ететінін, экологиялық дағдарыс аймағындағы, оның ішінде Аралға жақын жердегі тұрғындардың резервті әлеуетін азайтатынын көруге болады, – деді ғалым.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«11» қараша 2020 жыл №26 Қызылорда қаласы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 31 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛҒЫ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ШЕКТЕУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» №25 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- 1) 2 тармақтың 3) және 15) тармақшалары алынып тасталсын;
- 2) 2 тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «5) театрлардың қызметі, залды 50%-ға дейін толтырып, бірақ залда 100 адамнан асырмай, infokazakhstan.kz порталында тіркеліп, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтап»;
- 3) 3 тармақ 4) және 5) тармақшаларымен толықтырылсын:

«4) 2020-2021 оқу жылының екінші тоқсанынан бастап:

- контингентті 300 оқушыға дейін, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға;

- ата-аналардың өтініші бойынша сыныптардың жинақталуын 15 баладан асырмай сақтай отырып, жалпы білім беретін мектептерде 1 сыныптан 5 сынып бойынша, халықаралық мектептерде 7 сыныпқа дейін кезекші сыныптарда оқытуға»;

5) ҚР БМСД №57 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, санитариялық-дезинфекциялық режимі күшейтілген залды 30%-ға дейін толтырып, бірақ 100 адамнан асырмай, діни объектілерде, жаса намазын қоспағанда, мешіттерде (бес намаз) ұжымдық құдайға құлшылық етуді жүргізуді».

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері А.АБДИКАИМОВА

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

2020 жылғы 14 қараша күні Арал және Қармақшы ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Арал ауданы – С.Торайғыров көшесінің бойы (Қорқыт-Ата көшесінің қиылысы)

Қармақшы ауданы – Жұрба көшесінің бойы (Сахи Романов көшесі мен Саламатов көшесінің аралығы).

1-бет

● САПАР

Жаңалығы көп Жаңақорған

— Қаланың қазіргі орны бірнеше ғектарды алып жатыр. Жан-жағында үйінділер, жерасты жолдары, су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Ежелден үлкен сауда орталықтарының бірі болған соң, қалаға қызығушы мемлекеттер арасында Сығанақ үшін жиі соғыс болған, соның салдарынан қала жиі бүлініп, кей хандықтың тұсында қайта жанданған. Республикалық маңызға ие бұл ескерткіш ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының қатарында. Мұндағы қайта қалпына келтіру жұмысы аяқталған соң ашық аспан астындағы музей салынып, үлкен туристік орталыққа айналдырады деген жоспар болған. Сонда қазақтың тарихы мен бай мұрасы, рухани қазынасы туралы жас ұрпақ қана емес, шетелдіктер де етене таныса алады. Бірақ, қазба жұмыстары жүргізіліп, қыс түскен соң тоқтай-тыны анық қой. Осындайда ашық аспан астында қалған мұндай дүние ауа райы әсерінен бүлініп те жатады, — дейді аудандық музей директоры Нәбихан Шаулапов.

Иә, бір өкініштігі, аршылған жердің қараусыз қалғаны былай тұрсын, қазылған жерден табылған жәдігерлердің көбі біздің қолда емес. Облыстағы музейден бір-саран кездесе де, көп дүние археологтардың қолында кеткен. Аудандағы музейде де осылай. Сығанақ жәдігерлері тым аз.

Ал енді мұнда табылған құнды жәдігерлер, сол кездің тыныс-тіршілігінен хабар беретін дүниенің бәрі бір жерге жиналу керек сияқты. Қаланың мәкәті қойылып, келушілерге қызығарлық жағдай жасалса деген ішкі ойдың сол жерде бізге маза бермегені анық. Бірақ, Түркістандағы археологтар әзірге зерттеу бітпей мұндағы табылған дүниені бергісі келмей отыр.

Шыны керек, бір келген адам мұнда келесі жолы ықыласты бола қоймайды. Қазылған жердің қалпына келтіру жұмысы дұрыс жүргізілмеген. Деректер көрінбейді. Тіпті, аяқ алып жүру үшін жаяу жүргіншілерге жол да қарастырылмаған. Қара топырақ кешіп жүруге мәжбүр. Сығанақтың бүгінгі көрінісі осындай. Зерттеудің кешіккенімен қоймай, зерделеуге тиіс көп дүние жоғалып кетуде.

Көп түкірсе, көл болар

Мұндайда біздің қазақ «Құдайлық іс» деп жұбанады. Шүкіршіліктен таймайды. Ел ішіндеміз ғой деп ертеңгі күніне үмітпен қарайтыны бар.

Сығанақтан соң Жаңақорған ішін аралап жүрміз. Жақсы дүние көрмекке. Сапар мақсаты басқа еді, бірақ...

Өткен айдың 24-не өзгерткі Сабыр-қожа Әбдіқожаев пен Феруза Әлібекова отбасында қиын жағдай болған. Анығын айтсақ, сол күні ақшам кезінде үй өртенді. Тіпсіз жау бар дүниені түгел жаламан.

Феруза апа бізге жұмыс істейді. «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газет тасымалы бөлімі бар. Ол медиадан шығатын барлық газетті Өзгерттегі әр үйге тараушы әрпітесіміз.

1-бет



Қош, бірлік болса, тірліктің кері кетпесі белгілі. Үйсіз қалған отбасы жағдайы ешкімді бейжай қалдырмаған. «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлері бір күндік жалақысын аударамыз десті. Бірауыздан келіскен. Ақша аударылды. 800 мың теңгеге жуық қаржы Өзгертке келді. Үй иелері тағы бір қуанды. Өйткені, бізден басқа да ел қол ұшын созып жатыр. Шүкір мен тәубасынан жаңылмаған отбасы мүшелері ұжымдастарға үлкен алғысын қайта-қайта айта берді. Біз де аманат сәлемді осында жазғанды жөн көрдік.

Шыны керек, «өрт сөнді, өзгесінде шаруам жоқ» деу мұндайда қат қылдық. Қазақ тәрбиесінде жоқ, Өзгерттің өз халқы да қарап қалмаған. Ірі қарасын жетектеп, ақшасын берген кәсіпкерлер көп. Қаржы орнына малын ұсынған ағайынның сиыры мен жылқысы базарға пұл болуда. Оның құрылыс материална ауысатыны тағы белгілі.

Ауылдан құрылысшы жігіттер бригадасы жасакталыпты. Іргетасын бір метр етіп, кірпішін қалап жатыр. Еңсесін күн сайын көтерген жаңа басына — көзге қуаныш. Оның үстіне ауа райы да қарасып тұр.

Айтпақшы, «Көрші ақысы — Тәңірі ақысы» дейтін тәміс бар еді-ау. Іргелес жатқан Қожақент халқы 2 млн теңге ақша жинапты. Шаруашылық басшылары техникаларын тегін беріп, құм мен құрылыс заттарын тасып жүр. «Жаңарған Жаңақорған жастары» деп аталатын еріктілер цемент түсіріп, тағы бір кәсіпкер есік-терезесін өз қалтасынан салып бермекші.

Міне, ел бірлігі. Ауыл жұртының ынтымағы. Үй иелеріне түк салмақ түспеді. Олар тек сабырды серік етіп, шүкірдің ығында отырған жандар. Ағайын аман болсын дейтін халықтың қайғы мен қуанышта ұйыса білетіні қандай ғажап еді?!

Ат спорты ақсамауы тиіс

Облыс құрамасындағы көкпаршылардың 99 проценті осы ауданнан екені рас. Өзгерттегі көкпарға шабар жылқы тұқымын дайындап отырған «Өзгерт С»

шаруа қожалығында болдық. Жылқыдан бөлек, егінмен де қосымша айналысады. Өзгерттегі ауыл жігіттерін жұмыспен қамтып отыр.

— Қожалыққа тиесілі 415 гектар жер бар. Жоңышқа егіп, азын-аулақ күріш дәннен де себебіз. Негізгі басымдық — мал шаруашылығы. Ірі қара бар. Жылқы өсіреміз, — дейді шаруашылық төрағасы Бақытжан Төлегенов.

Ол — ат спорты, оның ішінде көкпардан облыстық дәрежедегі төреші. Қазақстанда өткен «ЭКСПО-2017» көрмесінде көкпардан төреші болыпты.

— Қазір бізде жаппай және командалық көкпар деген бар. Сол екеуіне де біз қатысып жүрміз. Көкпар дамып кетті. Үлкен жүлделер тігілуде. Мендегі жылқылардың көбісі салым салып жүрген, ірі қара, жылқы, түйеден бөлек, көлік ұтып жүрген тұлпарлар, — дейді ол.

Бүгінде жылқы тұқымын көбейтіп қана қоймай, асылдандыру да қолға алынып келеді. Тағы бір айта кететін жайт, кейбір ауылдарда ат спорты түгілі, атқа мінігін бала да азайған. Әсіресе, бәйге кезінде көп атсейіс шабандоз таппай қиналады.

Бақытжанның айтуынша, Жаңақорғанда 18 жасқа дейінгі ұлдарға ат спортына дайындайтын мектеп ашылыпты. Онда үш жаттықтырушы жұмыс істейді. Өзгертін өзінен сол мектепте төрт бала оқып жатыр. Келешек ат спортына үлес қосар жігіттер осы ауданнан көптеп шықпақ.

Бүгінге керек мамандық іздесең...

Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінде болдық. Бұл білім ордасы заманға керек мамандықтарды даярлап жүр. Кәсіптік білімді беру қана қоймай, сан түрлі тәжірибе алаңынан өтетін мұндағы оқушылардың шәкіртақысы да тым тәуір. 600-ге жуық бала білім алса, соның жартысынан астамы 29 мың теңгедей стипендия алып келеді. Ал ғимараттың іші-сырты жарқырай көрінеді. 60 жылдан кейін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы арқылы

құрделі жөндеуден өтті. Бұл ұстаздар мен шәкірттерге үлкен қуаныш сыйлағаны рас.

— 2016 жылдан бері колледж «Дуалды оқыту» технологиясын тек эксперимент ретінде қолдана, 2018 жылдан бері осы жүйеге көштік. Бұған дейін шәкірттердің көп уақыты теориямен, лекциямен өтсе, бүгінде 60 пайыз практикаға мән беріледі. Студенттер оқу орнында білім ала жүріп, арнайы зертхана-ларда жұмыс жасайды. Бүгінде 18 түрлі мамандықтан 44 түрлі біліктілікті меңгеруге мүмкіндік бар. Дуалды оқыту жүйесіне енуін студенттер үшін тиімділігі зор. Колледж қабырғасында оқып жүріп, практикалық тұрғыда іскерлігін таныта отырып, компанияларға немесе жеке кәсіпорындарға тұрақты жұмысқа қабылдануға мүмкіндік алады. Былтыр 27 станокты «Тігін цехы» өндіріс үшін жұмысты бастап кетті. Тігін мамандығында оқитын студенттерге оқытушылар сабақты цехта өткізіп, тігін тігу әдістерін іскерлік тұрғыда меңгертіп қана қоймай, кәсіпкерлік бағытта әртүрлі бұйымдарға тапсырыс қабылдап, жұмыс істейді, — дейді колледж директоры Жомарт Шәуенов.

Сондай-ақ колледжде 200 адамға арналған асхананың жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Оқытушылар мен студенттер бірлесе ас пісіріп, түрлі қондырлық өнімдер шығармақ. Бұл да дуалды оқыту жүйесіне берілген басымдық. Бұдан бөлек, кәсіптік тұрғыда шыңдайтын арнайы зертханалар бар. «Трактор және автомобиль», «Автомобиль тренажер», «Пісіру жұмыстары», «Станок жұмысы», «Техникалық қызмет көрсету», «Электронды ақпараттандыру», «Автоэлектрик» сынды зертханаларды шеберлер студенттері іске баулиды. Мәселен, колледжде тиесілі «СТО», яғни машина жөндеу орталығында студенттер кәсіби шыңдалып қана қоймай, қосымша қаражат табуға мүмкіндік алады.

Дуалды оқыту жүйесінде білім алушы маман болуға, іскер болуға дағдыланады. Мұнда осы оқыту жүйесіне «Тігін» мамандығынан бөлек, «Токарь-жонушы», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Пісіру ісі» мамандықтары көшкен.

Салыстырмалы түрде қарасақ, гуманитарлық бағытта дипломы бар жастар бізде көп. Оның жұмыссыз да жетерлік. Біз баса мән беретін бір нәрсе бар. Ол — қазіргі кәсіптік білімді игерген маман иелеріне сұраныстың көптігі. Қоғам қажеттілігі мен тұтынушы талабына сай мамандық иелерін дайындайтын колледж мұғалімдері тынбай еңбек етіп жүр. Олар, сондай-ақ, қазіргі заманның бас ауруына айналған жұмыссыздықтың алдын алуға да үлес қосуда. Өйткені, нарық сұранысына сай маман даярлайды емес пе?!

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
Ержан ҚОЖАСОВ,

«Сыр болы»,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ,
Жаңақорған ауданы



● БАҚ ЖӘНЕ БҮГІНГІ МІНДЕТ

Өткен аптаның соңында Шымкент қаласында республикалық «Qalam» қорының ұйымдастыруымен «Qalam» медиа-платформасының Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарындағы баспа және электронды БАҚ-тың бас редакторларына арналған кездесу жиыны өтті. Оңтүстік өңірдегі 3 облыс басшыларының өкілдері жиналған айтулы басқосуда еліміздегі ақпарат құралдарының бүгінгі беталысы мен көптеген мәселелері сөз болды.

Ортақ алаңдағы ойталқы

«Отандық БАҚ-қа бірігу қажет»

Жасыратыны жоқ, әлемдік пандемия қазақстандық медиада да айтарлықтай әсер етті. Осы кезеңде еліміздегі көптеген ақпарат құралдары өздерінің табысынан айырылды. Қаржылық қиындықтарға кезікті. Басылымдардың таралымы шектеліп, кейбір газет-журналдар өздерінің жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Бірқатар өңірде тілшілердің жалақысы айлап төленбеді.

Ал ақпарат агенттіктері мен медиа-порталдар, интернет сайттардың кейбірі қауіпті індет кезінде мыңдаған оқырман жинаса, кейбіреулері, керісінше, өз аудиторияларынан айырылып қалып жатты.

Міне, осындай қиындықтармен бетпе-бет келген еліміздің көптеген БАҚ өкілдері ортақ мәселелерді шешу үшін бір платформаға бірігууді жөн деп тапқан.

— Көктемде Алматы қаласында «Qalam» медиа-платформасы құрылды. Өйткені, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарына өздерінің мәселелерін ашық айтып, кеңестің ортақ алаң қажет болды. Пандемия қазақстандағы БАҚ-тың аудиториясын екі есеге өсірді. Медиа саласына жана мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар, пандемия кезінде қазақстандық БАҚ өте қатты соққы алды. Кейбір басылымдар жабылды. Осының бәрі қазақстандық БАҚ-қа бірігу қажет екенін көрсетті, — дейді аталған медиа-платформаның жетекшісі, «Exclusive.kz» республикалық сараптама-лық онлайн-журналының бас редакторы Қарлығаш Еженова.

Бүгінде аталған медиа-платформаға еліміздің 20-дан астам ақпарат құралдары қосылып үлгерген. Шымкент қаласындағы кездесу — өңірлердегі БАҚ өкілдерімен пікірлесудің қорытынды жиыны. Мұндай кездесулер осыған дейін Алматы, Өскемен, Петропавл, Ақтау қалаларында өткен.

Медиа-платформа не береді?

Бұл — кездесуге жиналған әріптестеріміздің көкейіндегі басты сауал болды.

— Медиа-платформа өңірлердегі ақпарат құралдарының дамуына бағытталған. Платформа ортақ алаңға біріккен басылымдарға құқықтық көмек көрсетеді. Кез келген тақырыптағы факт-чекінг, контент алмасу, бірігіп алға жылжу, тәжірибе алмасуды үйлестіреді. Өңірлердегі ақпарат құралдарының қаржылық сауаттылығын арттыруды көздейді. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы түрлі ірі компаниялардың жарнамаларын өңірлердегі БАҚ-тарға жариялауға қолайлы жағдай жасауға атсалысады, яғни, ақшыл қызмет бойынша бағыт-бағдар береді. Біріккен түрлі медиа-акциялар ұйымдастыру, өңірлердегі журналистердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс істейді. Облыстарда кеңілеп қалған түрлі жанрдың жандануына үлес қосуды қалаймыз. Түрлі интернет-ресурстардың төл өнімдерінің көбеюіне, мульти-медиалық соны жаңалықтарды менгеріп, өз контенті мен тұрақты оқырмандарын қалыптастыруға үйретеді, — деді Қ.Еженова.

Осы уақытқа дейін еліміздің БАҚ саласында түрлі медиа-платформалар мен бірлестіктер құрылып, көбісінің жұмысы орта жолдан тоқтағаны белгілі. «Qalam» қоры директорының орынбасары, журналист-сарапшы Нәзира Жәрімбеттің айтуынша, аталған алаң ешқандай жасырын мүддені көздемейді.

— «Qalam» медиа-платформасы — коммерциялық жоба емес. Мемлекеттен болмаса, басқа да ұйымдардан грант ұтып алып, соны жүзеге асыру үшін құрылмаған. Қаржылық сауаттылықты айтапқанда,

өңірлердегі көптеген бұқаралық ақпарат құралдарына құқықтық көмек керек екендігіне күн сайын көз жеткізіп келеміз. Бір ғана авторлық құқық мәселесінде қаншама шешілмеген түйткіл бар. Платформа осылардың оң шешілуіне бағыт-бағдар беріп, жан-жақты қолдау көрсетпек, — дейді ол.

— Маған бүгін басымызды қосып отырған медиа-платформаның бірнеше артықшылығы ұнап отыр. Жасыратыны жоқ, қазір кейбір басылымдар өз құқығын қорғау үшін адвокат жалдауға қаржы таппайды. Ал, бұл алаң өзіміздің заңгерлеріміз арқылы көмектесеміз дейді. Қазақстандық БАҚ ортақ мәселелерді шешу үшін біріксе, еліміздің медиа саласында үлкен өзгерістер болар еді, — деді жиында «QOFAM TV» телеарнасының құрылтайшысы Шаһизада Әбдікерімов.

«Тілге бөлінбеу керек»

Оңтүстік шаһардағы жиынға журналистерден бөлек, саясаттанушылар да қатысты. Олар да қазақстандық БАҚ-тың бүгінгі беталысын бағамдап, өз пікірлерімен бөлісті.

— Өздеріңіз ардақ тұтар ақсақал қазақ журналистикасының майталманы Назарбай Омаровтің: «Ұлттық мүддені, мемлекеттік мүддені көздеген үлкен бір мәселе көтеріле қалса, біздегі БАҚ-тардың сөзі бір жерден шықпай, әрқайсысы әртүрлі тақырыптарды қозғап кететіні бар. Отандық журналистикадағы алауыздықтың бірінші себебі, отандық БАҚ-тың екі тілге жарылуында. Қазақ газеттері шұғылдан айтқан мәселеге орыс газеттері көз жұма қарауы — біздің елде қалыпты нәрсе. Ұлттық идеяға, құндылықтарға байланысты тақырыптарда орыс газеттері көп жағдайда қалыс қалады. Ал орыстілді БАҚ көбіне-көп әлеуметтік жағдайларды, мәселен төтенше жағдайларды, әлеуметтік проблемаларды құлпыртып, ұшықтырып жазуға келгенде алдына жан салмайды. Екіншіден, қазақ тілді басылымдардың сөзі де үнемі бір жерден шыға бермейді. Оның да өз себебі бар. Кейбір газеттер үнсіз қалған мәселелерді, өзге басылымдар құр жібермей, белсене кірісіп жатады. Дегенмен, өз басым, отандық БАҚ-тағы алауыздық бірінші кезекте орыс және қазақ тілді БАҚ-тардың арасында деп есептеймін» деп айтқаны бар. Сондықтан, қазақстандық БАҚ бір платформада бас қосамыз десе, алдымен тілге бөлінбеуі керек, — дейді қызылордалық саясаттанушы, философия ғылымдарының PhD магистрі Нұршайық Әбдуәлі.

Оның айтуынша, кейбір басылымдар қоғамның іргетасын шайқалтуы мүмкін екенін өзі де білмей қалады. «Көзге көрінетіннің бәрі жазылуға және айтылуға тиіс» деген қағида-ның ықпалында кетеді. Бұл — бекер нәрсе, ешбір мемлекет өзінде болып жатқан оқиғалардың бәрін емін-еркін жариялай бермейді. Алдымен қоғамға кері немесе тиімді әсерлерін екшеп алып, содан кейін өз мүддесіне ыңғайлап береді.

— Демократияның отаны саналатын АҚШ-та журналистер мемлекеттің мүддесі мен жеке бастық мәселесін шатастырмайды. Біздің журналистердің бәр сүрінетін жері — осы. Себебі БАҚ туралы заңды жетік білме бермейді, тәжірибелері де кемшін болуы мүмкін, — дейді Н.Кәменұлы.

Р.С. «Qalam» медиа-платформасы кенінен таныстырылған Шымкенттегі жиын соңында 3 облыстан келген БАҚ өкілдері кенінен пікірлесіп, өз ойларын ортаға салды. «Ортақ алаңда бірігуден бас тартпаймыз» деген олар жыл соңына дейін Алматы қаласында жиналатын болып тарқасты.

Нұрсұлтан
МЫҚТЫБАЙ,
журналист,
Қызылорда-Шымкент-
Қызылорда

Онлайн сауданың игілігі мен шикілігі

Жуырда мен де аталған желіге қосылдым. Өдеттегідей суретке түстім, өңделім, жарияладым. Одан қалды достарымның әлеміне қонақтап, лүпіл басуды ұмыт қалдырмадым. Бірақ, желіні парактай келе, сатылымда жүрген дүниелер көздің жауын алмай қоймады. Түрлі тәттілер, әдемі киімдер, соның үлгідегі техника, тұрмысқа қажетті тауардың барлығы осында. Бағасы көрсетілген, сапасы жайлы толық мәлімет бар, уақытыңызды үнемдегіңіз келсе, қала ішінде жеткізіп беру тегіті де қарастырылған. Солардың ішінде қыздарға арналған әшекей-бұйымдардың саудасы кызу. Сәні мен салтанаты келіскен, сан түрлі асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдарды көріп, дереу иесіне қонаурау шалдым. Осылайша ақша табуды емес, өзінің қолынан шыққан дүниелері арқылы адамдарға қуаныш сыйлағысы келетін еңбеккер Динара Әлімбет есімді кезбестен таныстым. Бала кезінен зергерлік бұйымдарға

қызығушылық білдіріп, болашақта ісмер болуды армандаған ол қазір де арманынан жырақтамай, жұмыс уақытынан бөлек, тапсырыс қабылдап, тұтынушыларын заманға сай, түрлі дизайнғағы өнімдерімен қуантып жүр. Жан қалауын шағын бизнеске айналдырған Динара ғаламтордағы арнайы бағдарламалардың көмегімен қолға алған ісінің жарнамасын дөңгелентуде.

— Мамандығым — экономист. Бос уақытта хоббиіммен айналысамын және қазіргі таңда трендке айналған SMM мамандарының желіде жарқын жазба жазу, контентпен жұмыс істеу, жарнаманы ілгерілетуге қатысты дәрістерінен қалыс қалмаймын. Мұнда өзіме қажетті көп кенеске қол жеткізім. Түсінгенім, негізгі цифрлы маркетингтің арналардың қалай жұмыс істейтінін үйреніп, кез келген адамға интернетте өз бизнесін тиімді ілгерілетуге көмектесетін, өзіндік бренд қалыптастырып, сан қырлынан таныта алатын стратегия жасау оңай, — дейді ол.

Бұл — әлеуметтік желілердегі қарқын. Ал, енді электронды форматта қызмет көрсетіп жүрген онлайн платформалардың қызметіне тоқталсақ. Тұтынушылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандықтардың онлайн шопингке деген сенімінің берік болмауына әсер ететін факторлар — тауарды жеткізу қызметіндегі кемшіліктер, кейбірінің мемлекеттік тілде қызмет көрсетпеуі және ұнамаған тауарды кері қайтару мәселесіне келгенде орын алатын қолайсыздықтар. Мәселен, сіз «Lamoda.kz» интернет-дүкенінің сайтына хабарласанңыз, қазақтілді оператордың жоқтығына көз жеткізесіз. Кей бренд дүкендерінен тапсырыспен жеткен киім көңіліңізден шықпай қалып жатса, оны кері тек пошта көмегімен өз қаржыңыз арқылы қайтарасыз. Уақыт та шығын.

Бұл ретте Еуропа елдерінде кенінен таралған «Click and Collect» қызметі ойға оралады. Оның механизмі мынадай. Кез келген брендтің ресми сайтына кіресіз

де, өзіңізге ұнаған тауарларға сол жерден тапсырыс бересіз. Жеткізу нүктесі ретінде дүкеннің үйіңізге ең жақын орналасқан бөлімшесін таңдайсыз. Екі-үш жұмыс күнінен кейін алғұ тапсырысыңызды сол дүкенге тегін жеткізіп береді. Заттыңыз ұнамай қалып жатса, тура сол жерде өткізіп, ақшаныңызды түгелімен кері қайтарып алуыңызға болады. Қысқасы, сатушыға да, сатып алушыға да қолайлы. Қынжылтатыны, бұл қызмет әзір біздің елде жоқ.

Онлайн платформа арқылы сауданы түзекелді идеяға балағанымызбен, карантин уақытында жіпсіз байланған ел керек-жарағына осы платформалар арқылы қол жеткізіпті. Артықшылығы аз емес, бірақ мұнда да нюанс бар. Карантин режимін пайдаланып, алаңдығын іске асырғандар жиі кездескен екен, сонан ішінде қысқы тоңдарды арзан бағаммен сатамыз деп қызықтырғандар көп. Тіпті, алданған бір тұрғын 100 мың теңгені аударып жіберген факт те

тіркелген. Міне, бұл да — QIWI-әмиямен жасалатын интернет-аламаттықтың бір түрі. Сан соғып қалмас үшін ең біріншіден, тауар алатын қандай сайт, жалған емес пе, соны анықтауға тырысу қажет. Оның мекен-жайы, телефонды, тапсырысқа асырғандардың жұмыс уақытына назар аударған жөн. Егер болып жатса, оған хабарласып, сатушысымен сөйлескен дұрыс. Осындай жан-жақты ақпараттарды анықтап алғаннан кейін ғана ақшаны төлеуге болады. Ескеріп, бейжай қарамағанда ғана қателіктің алдын алатыныңызды естен шығармаңыз.

Сөз соңында Ұлттық экономика министрлігінің 2022 жылға қарай 22 мыңға дейін интернет дүкен құру, 83 млн-ға дейін онлайн тапсырыстар санын арттыру, электронды сауда және онымен байланысты салаларда қосымша 200 мың жұмыс орнын құру жоспарлап отырғанын айта кетейік. Бұл — электронды сауданың дәуірі жүріп тұрғанының, оның дамуы қарқынды болатынының айғағы.



● ЖАҚСЫЛЫҚ БЕКҚОЖАЕВ – 90

ЖАЙСАҢ ЖҮРЕКТІ ЖАН ЕДІ

Бар өмірін қапартушылық және журналистикаға арнаған Қазақ КСРО-іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, КСРО-ның құрметті радисі Жақсылық Асқарұлы Бекқожаевтың туғанына – 90 жыл.



Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті пәні факультетінің 1953 жылы бітірген ол алғашқы еңбек жолын Сырдария ауданы Бесарық ауылындағы орта мектепте мұғалім болып бастады. Араға уақыт салып барып, жазу-сызуға икемі бар ол сол кездегі облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетіне тілшілік қызметке ауысты. 1963 жылы облыс басшылығы елгезек жасты радиокомитеттің төрағалығы қызметіне бекітті. Жақсылық Бекқожаев өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында облыстық радионың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Нәтижесінде Қызылорда облыстық радиосы республикадағы алдыңғы қатарлы радиолардың біріне айналды.

Ұжымға 28 жыл басшылық жасаған Жақсылық Асқарұлы өз шығармашылығын дамытуға да уақыт тапты. Оның қаламынан туған мақалалары мен радиоочерктері республикалық, облыстық басшылар мен радиоларында жарияланып, оқылды. Ол жасаған «Сыр сұлуы», «Қыз бен дала» және Социалистік Еңбек Ері Жадыра Таспамабетова жайлы «Жадыра» деректі фильмдері облыс көрермендерінің әділ бағасына ие болды, одақтық түрлі байқаулар мен сайыстардың жүлделісін алды. Ұйымдастырушылық қабілеті мол басшы айналасына үнемі талантты жастарды жинап, тәрбиелеп шығарды. Сондай-ақ ол облыстық телеарнаың ашылуына бар құш-жігерін жұмсап, мұрындық болды. Оның есімі облыстық арнаының шежіресіне алтын ершіпен жазылып қалғаны айқын.

1960 жылдың ақпан айы болатын. Сол жылдары Сырдария ауданына қарайтын «І Мамыр» кен-шарының №4 фермасында қазіргі Шиелі ауданының «Майлытоғай» ауылында тұратынбыз. Кешкі асымызды алдымызға ала бергеніміз сол еді, үйге үш жігіт енді. Майшамның жарығында олардың екеуінің ауыл мұғалімдері Серікбай Тоқмағбетов пен Рүстем Молдабаев екенін танылды. Төрге оған ұстаздар қастарындағы бейтаныс жан обкомның қызметкері Жақсылық Бекқожаев екенін және әкеме жиен болып келетінін айтты. Әкем де, анам да абырап қалды, сол кезде қонақ жігіттің өзі сөзге арасты.

– Рәзия деген апанызды білесіз бе, мен сол кісінің Бекқатша деген екінің қызының баласымын, яғни, жиеннен туған жиеншарымын, – деді жылы жымылып. – Әкемің тапсырмасымен бүгін сіздерді іздеп келдім. – Бар екен ғой, бауырым, – деген әкем қонақ жігітті қапыра құшақтап, жылап жіберді.

– Апаңыз пакуатты, менің анам Бекқатша, інілерім Ігілік, Қуаныш және қарындасым Мариямен бірге Тасбөгетте тұрып жатыр, – деген Жақсылық аға біраз әңгіменің басын қайырды. – Менің осы ауылға жолсапарға баратынымды білген әкем бізге өзінің өмірі жайлы біраз әңгіме айтты. «Әке-шешеден жастай қалғандықтан ағамның ағасы Серік көкем мен Жұмақұл жеңешемнің бауырында өстім. Олардың Тәжібайхан деген ұлы болатын. Соны тапсан жақсы болар еді» деген-ді. Ойламаған жерден жиеншарлы болған әкем жігіттерге бір малын домалатып тастады. Түп нағашысының шаңырағында аунап-қунаған Жақсылықты әкем ертесіне ауылдағы «Данқ» орденінің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері, озап шопан Манасбай Дүйсеновтің үйіне жеткізіп салды. Көп кешікпей сол кездегі облыстық «Ленин жолы» газетіне Жақсылық ағаның озап шопан жайлы жазған очеркі жарық көрді.

Араға біршама уақыт салып біз де облыс орталығына Рәзия апамызды іздеп қолға шықтық. Облыстық партия комитетіне жетіп, Жақсылық

ағаға келіп тұрғанымызды ескерттік. Жылдам шыққан аға біз баратын үйінің бұл жерден алыс еместігін, қалай жету керек екенін түсіндірді. Тағдыр тауқыметімен Серік ағамыз бен Жұмақұл әкеміздің тәрбиесінде болған, жастық шағын әкесі Ерекештің туыстарымен өткізіп, Бөлекбай деген жігітпен отау құрған Рәзия апамыз бен оның ұрпақтары Бөлекбаевтар мен Бекқожаевтар. Самасаевтар және Онаевтармен біз осылай қауыштық.

Жәкен ағайын-туысқа, жора-жолдасқа, тіпті көршілеріне дейін қамқор болып жүретін. Сондай-ақ ол кісінің жады мықты еді. Көшеде бірге келе жатқанда кездескен жанмен емен-жарқын амандасып, қауқылдасып тұрып алатын. Былай шыққан соң:

– Аға, жаңағы кісі кім еді? – деп сұраймын ғой баяғы.

– Ей, сен оны ұмытып қалдың ба, баяғы Октябрінің 50 жылдығы атындағы көшеде бірге тұрған менің Жетібай деген құрласым бар емес пе еді, соның әйелі Зәмира ғой, – дейді.

– Е, ана кішкентай үш сары ұлды бар деп еді ғой, солар ма? – деймін мен.

– Иә, сол балалардың анасы ғой. Өткен, Жетібай марқұм ерте кетті, менімен түйедей құрдас болатын. Шүкір, арты жаман емес, сол баяғы өзің көрген үш сары ұл ержетті, өсіп-өнді, – деген еді.

Қамқорлық демекші, сондай жәрдемің шет жағасын ол кісіден мен де көрген болатынымын. 1966 жылы қаладағы №1 «І Мамыр» орта мектебін бітіргесін Алматыға, ҚазМУ-дың журналистика бөліміне барып, құжат тапсырдым. Қазақстан бойынша екі-ақ университет болғанын ба, талапкерлердің қарасы мол екен. Конкурстан өте алмадым. Ауылға келіп, кітапханашы болып үш жыл жұмыс істедім. Содан 1969 жылы тәуекел деп тағы да ҚазМУ-дың журналистика факультетіне құжаттарымды өткіздім. Бұл жолы да үміткерлер баршылық болды. Айтқандай, Алматыға кетіп бара жатып, «осылай да осылай, оқуға бара жатырмын» деп Жақсылық ағаға соққан болатынымын.

– Жолың болсын, бағыңнан көрерсің. Менің ол жакта ешкімді де жоқ екенін білесің. Сонда жазушы-драматург И.М.Саввин деген досым бар еді, соған айтып қойдым. Барған соң хабарласарсың, – деп, ол кісінің телефон нөмірін берді.

Алматыға барған соң ол кісімен телефон арқылы сөйлестім. «Білемін, Жақсылық Аскарович айтқан. Аландамай емтихандарыңды тапсыра бер, бірдене болса, дереу маған қоңырау шаларсың» деген ол кісі. Хощ, сонымен күткен емтихан да басталды. Жүрексіне жүріп, емтиханды еліміздің түкпір-түкпірінен келген Салық Жұмабаев, Қойшығұл Жылқышиев, Назира Асқарова, Күмісжан Байжанова, Қанарбек Кезембаев, Ахметжан Қосақов, Мәдина Көбеева, Ағайдар Ысымов, Айғанша Ысқакова, Жұмабай Жақыпов, Молдабай Қаржаубаев, Әкім Мейірбеков, Әуезхан Әбдірашев, Кенже Күмісбаев, Манасбай Оралбаев, Тұрсынбай Қанаев сияқты қыз-жігіттермен бірге тапсырдым. Емтихан да аяқталды. Енді қорытындысы ертең жарияланады деп ескертті деканаттағылар. Сонымен асыға күткен күн де келіп жетті. Қасымда шулық Қанарбек Күзембаев бар деканатқа жете бергенімізде алдымыздан методист Ақкенже апай шыға келді. Маған қарап: «сен Серіков құжаттарыңды ала беруіне болады, конкурстан өтпей қалдың» деді де бұрылып жүре берді. Аң-таң болып біз қалдық. Қанарбек «бұл жансақ іс шығар, сонына дейін күте тұрайық, сен құжаттарыңды алмай қоя тұр» деді. Сосын «Қызылордадағы ағам осындағы бір досына айтқан деп едің ғой, жүр соған телефон соғайық»

деп мені автомат телефонға қарай сүйрей жөнелді. Алматыға да, Қызылордаға да телефон шаламыз, ешкім көтермейді. Енді қайттік?

– Тәуекел, не болса да ертең көрерсің. Бірақ құжаттарыңды алушы болма, – деп досым бар ақылын айтып жатыр.

Кешке Қызылордамен байланысып, әрең дегенде Жәкеннің хатшысымен тілдесіп, оқудан құлағанымды, алайда құжаттарыңды алмағанымды ағаға жеткізуді өтіндім. Ол кісі Жақсылық ағаның жиналыста жүргенін, кешке үйіне хабарласып айтатынын айтты.

Ертеңіне түстен кейін сағат 16.00-де бұйрық оқылатын болды. Қасымдағы досым мені сүйре-легендей аудиторияға ертіп апарды. Оның төрінде таудай болып, профессор Тауман Амандосовтың өзі отыр. Талапкерлердің бәрі жиылып болған соң Ақкенже апай ректордың бұйрығын оқыды. Мен соңғы қатарда терезеге қарап отырған болатынымын, досым мені бүйірімнен түртті. Қарасам Ақкенже апай: «46-шы Серіков Рәсул» деп менің атымыз атап тұр екен. Ештенген түсінбеген мен орымнан сұлесок тұрдым. Сол кезде методист апай профессорға қарап «кеше бұл жігітке мен құжаттарыңды ала бер деп едім. Бүгінгі комиссия шешімімен бұл жігіт студент болып қабылданды. Себебі, жазған дүниелері өте көп екен» деп бір папканы жоғары көтеріп, көпшілікке көрсетті. Сол кезде сөзге Т.Амандосов араласты.

– Ө, бағанағы министрлік өкілінің Рәсул деген кім деп сұрағаны осы бала екен ғой, фамилияңды білмейді. Айналайын, оқуға түсуіңмен құттықтаймын! – Содан кейін залға қарап: – бөрінің талаптарына нұр жаусын! Араларыңда қыздар да бар екен, ертең өздеріне қиын болады ғой, – деді. Сол кезде соңғы жақта отырған Күмісжан Байжанова деген сары қыз: «Тәуекел, ағай пешенемізден көрерміз» деді жымылып... Сол сары қыз кейін Жамбыл аудандық газетінің редакторы, «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі болды.

...1976 жылдың қыркүйек айы болатын. Танерген жұмысқа кетіп бара жатып, «Қызылорда» қонақ үйінің жанынан ақын Асқар Тоқмағбетовтің жеке көлігіне көзім түсті. Жүргізушісі Серікбай Асқар ақынға Алматыдан қонақ келгенін, соны күтіп тұрғанын айтты. Сәлден кейін іштен тағын тықылдатқан Асқендінің төбесі көрінді, соңында кездірікті, мол денелі кісі ілесіп келеді.

Ассалаумағалайкүм, Асқар аға, – деп ол кісімен көл алысып жатқанымда артындағы кісі, – это Рәсул, ты что ли? – деп маған қолын ұсынды. – Мәссаған, мынау Игорь Михайлович Саввин жездем ғой, – деп мен ол кісінің мол құшағына еніп кеттім. Ол кісінің маған үсті-үстіне сұрақ қойып, менің оған жылдамда-та жауап беріп жатқанымды көрген Асқар ақын:

– Игор-ау, сен біздің Рәсулды қайдан білесің, – деді танырқап.

– Білмегенде ғи, университетке өзім түсірген абитуриентім емес пе? – деді Игорь Михайлович.

– Ө, оқуға түсіргеніңді ұмыс болған екен, бір жағынан қайының ғой, – деп Асқар аға сөздің аяқ жағын әзілге айналырды. (И.М.Саввиннің зайыбы қазақ ұлтынан, Майра деген қызы бар болатын).

– Шаруаң қалай, жұмыстасың ба, үйлендің бе, кішкентайларың бар ма? – деп ол кісі мені сұрақтың астына алды. Өз жағдайымды баяндаған мен ол кісіге отбасымда болып, шай ішіп кетугін сұрадым.

– Жок. Рахмет, Рәсул! Кеше келгенмін. Асқенде шаруаларым бар еді, бүгін қайтамын. Сені көріп, төбем көкке бір елі жетпей тұрғаны, – деп күлді. Сосын бағыя оқиғаны еске түсірді... Мен конкурстан өте алмаған соң ол кісіге қоңырау шалғаным, сөйлесе алмадым. Сөйтсе, жиналыста болыпты. Сол күні оған Қызылордалан Жақсылық аға хабарласып, менің жағдайымды түсіндірген көрінеді. Содан Игорь Михайлович таныстарына шығып, маған көмек көрсетулерін өтініпті. Министрліктен өкіл келіп, менің жұмысымды реттегені ескі екен...

Жақсы адамдардың тигізген шапағаты еш уақытта ұмытылмақ емес. Бұл оқиғаның өткеніне талай жыл болса да, ол менің жүрегімде мәңгі сақтала бермек! Бірі қазақ, бірі орыс екі азаматтың жарқын бейнелерін еш уақытта ұмытпа емесің!

Жақсылық аға Мерзәолға Сүрея Алқызымен бас қосып, Әділ, Жанат, Манат және Бақытжан сияқты ұл-қыздарын көрді. Олардан тараған 8 шөбере бұл күндері өсіп-өркендеп келеді.

Рәсул СЕРІКОВ,
Қазақстанның
құрметті журналисі

РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ



● НӘСІРЕДИН СЕРӘЛИЕВ – 90

ШЫҒАРМАЛАРЫ ШЫНАЙЫЛЫҒЫМЕН ҚҰНДЫ

Арманшыл да албырт шағымызда аңсарымыз ауып, сүйсіне оқыған кітабымыздың бірі – Нәсіредін Серәлиевтің «Жусан иісі» повестер мен әңгімелер жинағы болатын. Иә, неге дейсіз бе? Өйткені шығармаларының өн бойында өзіміздің туып-өскен ауылдың тіршілік сарыны, аяулы ата-әже бейнесі, балалық бұла мінез, жастық шақтың балауса сезімі соншалықты шынайы суреттелген. Жағымды кейіпкерлері жан дүниеге жанаса кетеді.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Қарапайым қонаыр тірлік кешіп, қазақы қалыпта тәрбиеленген автор, сонау соғыс жылдарында қара нанды қанағат тұта жүріп, бір-біріне деген қайырымдылығымен қара шаңырақтың қадір-қасиетін сақтап қалған қадірлі жандардың болмысын көркем әңгімелейді.

«Қантар», «Женешем, жорға және мен», «Мен баламын ба?» повестерінде жасөспірім шақтағы баланың, одан соң бозбала жігіттің бойындағы қайсарлық, ақыл-ойдың тазалығы, әділетсіздікке төзе алмайтын өжет мінез оқырман көңілін бейжай қалдырмайды. Бірге күйзеліп, бірге қуанады. Әсіресе, «Қантар» повесіндегі салықшы, сабырлы адам, баланың беталысына байыппен қарайтын Әбен ағаның, сондай-ақ, Алданыштың әжесінің образы – әрбір отбасының алтын қазығындай, сол кезеңнің сүресіз тұрмысына өн беріп, жанға жылылық ұялатады. Ал Балабек, Айым, Алданыш сияқты жасөспірімдердің науқас досына көмек беруге талпынып, қантардың қара суығында тазы салып, сонарға шығып адасқаны, ақ түтек боранда Балабектің жоғалып кетіп, соны үлкен қайғыға ұласқаны көңіліңді алай-дүлей етеді...

Бірін-бірі айқындап тұратын ақ пен кара бояу секілді, жақсылық

пен жамандықтың қатар жүруі де – бұл өмірдің бұлжымайтын шарты. Сондықтан кейде жағымсыз кейіпкерлердің өзі оқырманға ой салып, оның адами болмысының, азаматтық ұстанымының қалыптасуына ықпал етеді. Жазушы шығармаларындағы шынайылық осындай кейіпкерлермен де айқындала түскендей. Өйткені шеберлікпен бейнеленген. Ал басты кейіпкерлері тұрмыс тауқыметінің, қарым-қатынас қайшылықтарының ішінен жылтыраған жарық суретке ұмтылады. Үміті мен сенімін жоғалтпайды. Шыңдалып, жігерлене түседі. Шығармалар сонысымен тартымды.

Жазушы Нәсіреддин Серәлиев 1930 жылдың 25 тамызында Қармақшы ауданы Қашқансу ауылында дүниеге келді. 1952 жылы бұрынғы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтын (қазіргі Қорқыт ата атындағы университеті) бітірген. Жоғары білім алған соң алғашқы еңбек жолын облыстық «Ленин жолы» газетінен бастады. Сол 1952-1958 жылдары аймақтың ақпарат саласында қолтаңбасын қалдырды. Ал 1952-1962 жылдары «Үгітші блокноты», «Ақ желкені», «Балдырған» журналдарында әдеби қызметкер болды. Одан кейінгі жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің



Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқарды. Қаламы қаыптасып, әдеби ортаға кең танылған 1964-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының кеңесшісі, жауапты хатшысы қызметтерін атқарды.

Жазушының 1956 жылдан бастап «Үшталмаған қарындаш», «Намыс», «Өңгелек», «Ақбөпе», «Ақ қайың», «Ыстық күлше», «Қантар» повестері, «Алтын ғұмыр, алғашқы махаббат» таңдамалы шығармалар, «Дәукен ағайдың немерелері» повестер мен әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Сонымен бірге, 1974 жылы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Еңлік-күл» көркем фильмінің сценарий авторы. Орыс жазушылары А.П.Гайдар, И.С.Котляровский, С.А.Баруздиннің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған.

ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТҚАН

«Рухани жаңғыру» – тақырыбының өзі тарихымызды қозғап, тереңнен сыр тартатын, салықалы да салмақты бағдарлама. Бұл бағытта жыл басынан бері әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын орданың 750 жылдығы және ұлтымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай жалпы республика көлемінде жоспарлы мәдени-көпшілік шаралар өткізіліп жатқаны белгілі. Айта кетерлік, елдегі қалыптасып отырған эпидихуалға байланысты карантиндік талаптарды сақтай отырып, жоғарыда аталған шаралар онлайн режимде жүзеге асырылуда.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Облыс әкімдігінің баспасөз орталығында БАҚ өкілдерімен жүзлескен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұршат Наурызбаева мен «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев аталған бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстардан хабарлар етті.

– Өздеріңізге белгілі, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы Сыр елінде Т.Төлеубайдың «Абай» спектакімен басталған болатын. Оған кейін облыстағы мәдениет ұйымдарында республикалық ақын-дар айттысы, жазба ақындар мұшайрасы, поэзия кештері, кең көлемде кітап көрмелері, сол сияқты, «Абай оқулары» мен Абай әңдерін орындаушылардың конкур-концерттеріне ұласты. Осы шаралардың ішінде шоктығы биік өнер туындысы – Сыр елінде тұрып рет қойылған «Абай» операсы болды. Қойылымға 100-ге жуық өнерпаз қатысып, аймағымыздың мәдениеті мен өнерінің мәртебесін бір биікке шығарды.

Жуырда облыстық филармонияның ұйымдастыруымен өткен «Абай жұлдызы» атты музыка және поэзия кеші де көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ, Жастар театрының режиссері О.Нұрмахановтың сахналауымен «Қалың елім, қазғым, қайран жұртым...» атты қойылымының премьерасы өтті. Ұлы ойшыл Абайдың ұлт мүддесі жолындағы толғанастарын арқау еткен қойылым көрерменге ой саларлық мазмұнды шараның бірі болды. Жалпы ақын мұрасы өнердің барлық жанры бойынша насихатталды – дейді Н.Наурызбаева.

Иә, ұлы ақынға арналған мәдени шаралар әлі де жалғасын табады. Айталық, «Абай әлемі» атты облыстық өнер фестивалі мен халық театрларының облыстық байқауы, «Абайжырлары –Сырмакамдарында» атты жыр фестивалі ұйымдастырылады. Фестивальде өзімізге белгілі 15 жыршы Абай жырларын Сыр сүйелілерінің мақамдары арқылы халыққа жеткізеді. Өзіндік ерекшелігі бар тың жобаның тыңдарман үшін әсері де бөлек шығар...

Сырдың саялақ перзенттері – Сәрке Өмірқұдұлұлының 340 жылдығына, Ақтан Ақайұлының 250 жылдығына арналған жыршы-термешілердің республикалық байқауы және Жаппарберді Тілеубергенұлының 125 жылдығына арналған «Сұлу саздың жігірігі – Жаппарберді» атты жыр-

шы-жыраулар фестивалі өткізілді. Сондай-ақ, «Qazaqstan» ұлттық арнасының дәстүрлі өнерді дәріптеуге арналған «Күміс көмей» музыкалық телебағдарламасына өзімізге белгілі жыршы-жыраулар қатысып, бағдарламаның екі шығарылымы біздің Сыр өңірінің жыраулық дәстүріне арналды. Айта кетейік, барлық шаралар онлайн форматында өткендіктен көрермендер оларды Youtube желісінен арнайы ашылған «Сыр шаңырағы» каналы арқылы тамашалауда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөнінде облыста биылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілген. Бұл жоспар бағдарламаның басым бағыттары және қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған түрлі форматтағы 200-ден астам іс-шараны қамтиды. Қазіргі таңда аудан, қала әкімдіктері мен облыстық басқармалар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 негізгі бағыты және 17 арнайы жобасы аясында жұмыстар атқаруда.

«Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Уәлихан Ибраевтың айтуынша, әлемді алаңдатқан пандемия кезінде елге тынымсыз қызмет еткен дәрігерлердің, полицейлердің, мейнарттар мен волонтерлардың жұмысын кеңінен насихаттау әрі қолдау мақсатында «Бүгінгі күннің батырлары» жобасы қолға алынған. Жоба аясында бейнероликтер мен ақпараттық материалдар дайындалып, әлеуметтік желілерде және мерзімді баспа беттерінде үздіксіз жарияланып отыр. Сонымен қатар, «Менің жетістігімнің тарихы» жобасы аясында өз білімің, еңбегімен жетістікке жеткен танымал тұлғалардың жастармен, волонтерлармен кездесулері ұйымдастырылып, жастарды жігерлендіріп, олардың өмірден өз орындарын табуына жәрдемдесу бағытында «Тұлға» жобасы жүзеге асырылуда.

Сырдың бас қаласының тарихын, маңызды тарихи нысандары мен ескеркіштерінің қадір-қасиетін әрбір перзенттің бойына сіңіру, құпияға толы сырын ашу мақсатында қоғам белсенділерімен және тарихи-өлкетану музейімен бірлесіп «Менің қалам – Қызылорда» атты экскурсиялар ұйымдастырыла бастады. Бүгінде бұл жоба қала тұрғындары тарапынан ерекше қолдауға ие болды. Сол секілді, қала күніне орай «Жырым сенің, Қызылорда!» атты поэзия апталығы ұйымдастырылып, Сырдан шыққан ақындар туған жерін жырға қосты.

– Жергілікті шағын және орта кә-

сіп иелерін қолдау, олардың өнімін танымал ету арқылы аймақ брендтерін қалыптастыру мақсатында «Сыр өнімі» жобасы әзірлізуде. Бұл орайда «Дәстүр мен ғұрып» және «Үнем – қоғам қуаты» атты жаңа жобалар бойынша біршама жұмыстар қолға алынған. Мысалы, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Отбасы – ұлт тірегі» атты жас отбасылардың онлайн байқауы ұйымдастырылып, жастар арасында отбасылық құндылықтар дәріптелсе, көлөнер шеберлерінің онлайн шеберлік сабақтарында ұлттық өнердің қыр-сыры насихатталды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде ұмытылған дәстүрлер, ұлттық тағамдар мен ұлттық киімдер тарихы туралы бейнероликтер мен постерлер жариялануда.

«Үнем – қоғам қуаты» арнайы жобасы аясында Қызылорда қаласы Сайыпназар ахун көшесі тұрғындарының қоршаған ортаны, қаланы және тұрғылықты жерін таза ұстау туралы үндеуі жарияланды. Осыған байланысты ақын Еркеніш Әбдиевтің қала тұрғындарын көшпелерді таза ұстауға шақырған өлең-постері орталықтың әлеуметтік желісінде жарияланып, кейін облыс, республика көлемінде қызу қолдауға ие болғанын айтып өткеніміз жөн, – дейді У.Ибраев.

Орталық басшысының айтуынша, «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениеті», «Білімнің салтанат құруы», «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» жобалары бойынша да көптеген шаралар іске асырылған. Оның ішінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай апталық ұйымдастырылып, Абайдың қара сөздері жазылған кітаптар, ақын шығармашылығы жазылған үнтаспалар қоғамдық көліктерде қала тұрғындарына таратылды. Шара көпшіліктің көңілінен шыққан.

Филология ғылымдарының кандидаты С.Қосанов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы» тақырыбында тікелей эфир жүргізіп, көпшілікпен ой бөлсе, орталық жанындағы еріктілер Абай шығармашылығын жырға қосты. Ал облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесіп ұйымдастырылған «Абай сүйіп ойнаған тоғызқұмалақ» тақырыбындағы түрлі этнос жастары арасындағы шеберлік сағатына ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт қайраткері Е.Иманбаев, ҚР ең

● БРИФИНГ

ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ
МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімованың қатысуымен брифинг өтті. Онда Дүниежүзілік ғылым күні мен екінші оқу тоқсанына дайындық барысы сөз болды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Басқарма басшысының айтуынша, еліміздің ғылым саласында 22 мыңнан аса маман қызмет атқарады. Ал, өңірдің орта мектептерінде 431 магистр жұмыс істейді. Бұған қоса, облыста 54 инновациялық мектеп бар. Оларда пәндерді тереңдетіп оқыту үшін факультативтер мен қосымша курстарды ұйымдастыруға және ғалымдарды шақырып, лекциялар өткізіп, ғылыми жоба мен олимпиадаларға дайындау үшін қаржы бөлінеді.

Облыста талантты, озат, интеллектуалдық әлеуеті жоғары жастарды қолдау мақсатында түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен олимпиадалар ұйымдастырылуда. Басты мақсат – білімді оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап ғылымға баулу, жол көрсету. Осыған сәйкес, өткен жылы Оңтүстік Кореяның Дэджон қаласында өтетін «Жас ғалым» халықаралық ғылыми жоба конкурсы, Мәскеу облысы Қорған қаласында өткен «Адам-Жер-Ғарыш» атты қоршаған ортаны қорғау про-

блемалары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларының жалпы-ресейлік олимпиадасына біздің оқушылар қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ, соңғы 3 жылда түрлі олимпиадаға 84 оқушы қатысып, 46 оқушы жүлдегер атанды. Ал республикалық ғылыми жоба конкурсында 63 оқушы бақ сынап, 23 оқушы жеңімпаз болды, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Білім басқармасы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен екіжақты меморандумға қол қойған. Соның аясында оқушылардың ғылыми жұмыстарына университет ғалымдары жетекшілік етеді. Айта кету керек, өңірде ғалымдардың әлеуетін көтеруге барынша жұмыс жасалуда. Оған дәлел биыл университет ғалымдары әзірлеген 3 жоба гранттық қаржыландыру конкурстарының жеңімпазы атанды.

– Білім ордасында жас ғалымдардың үлесі 16,5 процентті құрайды. Жалпы 34

жас ғалым ғылыми жобаларды орындауға атсалысып келеді. Келер жылдан бастап жас ғалымдардың өңір экономикасы салаларының өзекті мәселесін шешу бойынша идеяларын жүзеге асыруға әрі шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында білімін жетілдіруге және ғылыми тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік жасау көзделуде. Ол үшін университеттің арнаулы қаржысы есебінен, конкурстық негізде арнайы гранттар бөлінеді, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова.

Брифинг барысында облыстық білім басқармасының басшысы екінші оқу тоқсанын ұйымдастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

– Қашықтан оқытуға байланысты бірқатар жұмыстар жүргізілді. Өңірде 300 мектеп болса, онда 170 мыңнан аса оқушы білім алуда. Екінші тоқсанда ата-аналардың өтінішіне сәйкес 1-5 сынып аралығында 39483 оқушы дәстүрлі білім алатын болады. Өткен тоқсанда 28 мыңнан аса оқушы оқыған болатын. Сонымен қатар 300-ге дейінгі оқушысы бар мектептер дәстүрлі оқуға көшіріледі. Саяқты шаралары толық қамтылуда. Қашықтан оқытқан компьютері жеті 39562 оқушыны техникамен қамтуға тиісті жұмыстар ұйымдастырылды. Жергілікті бюджет есебінен 2492 планшет сатып алынды. Демеушілердің көмегімен 1518 оқушыға ноутбук, планшет таратылды. Оқу жылы аяқталған соң барлық мектепке қайтарылатын болады. Өйткені, ол – мемлекеттің мүлкі. Осыны ата-аналар дұрыс түсінсе екен, – деді басқарма басшысы.

Жалпы аймақта үкіметтің резерві есебінен 3,4 млрд теңгеге 22870 дана құрылғы толық алынған.

IX Азаматтық
форум өтеді

«Қоғам және мемлекет: серіктестік пен дамудың 30 жылы «Bigemiz» атты IX Азаматтық форум 2020 жылғы 23-27 қараша аралығында Азаматтық қоғам апталығы форматында өтеді.

Еліміздің қоғам белсенділерін біріктіретін дәстүрлі ауқымды іс-шараны биыл жаңа форматта өткізу жоспарланып отыр. Қатысушылардың қауіпсіздігі үшін Азаматтық форум онлайн режимде әрі бес күнге жоспарланған бағдарламамен өтеді.

Апталық шенберінде Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының негізгі бағыттарын талқылау жоспарланған. Атап айтқанда, азаматтардың шешім қабылдауға қатысуы; қоғамдық бақылау – шынайылық пен мүмкіндіктер; ҰЕҰ бәсекеге қабылдігілігі: табыс факторлары, тәуекелдер, перспективалар; қоғам, мемлекет және бизнес диалогы атты бағыттар талқыланады. Сонымен қатар, форумда бұған дейінгі ұсынымдардың орындалуы талқыланып,



салалық үкіметтік емес ұйымдардың министрлермен кездесуі өтеді.

Форум делегаттары сарапшылық, пікірталас және оқыту шараларына қатысып, еліміздегі азаматтық қоғамның дамуы бойынша өз сұрақтарын қоя алады. Бұл ретте, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі белсенді ұйым өкілдерін елдегі өзекті мәселелерді ескере отырып, Азаматтық форумның күн тәртібін қалыптастыруға атсалысуға шақырлады.

Форумға мынанан астам ҰЕҰ, мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығының өкілдері қатысады деп күтілуде.

Айта кетсек, Азаматтық форум 2003 жылдан бастап екі жылда 1 рет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұйымдастыруымен өтеді.

Мұралық істің
ашылғанын
хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Дожанов Жанмыбек Нұрқеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2020 жылдың 18 мамырында қайтыс болған азаматша Утеғалиева Кулзия Капиевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Тулеуова Айгерім Өмірәліқызы (лицензия №17017992, 19.10.2017 ж.) 2020 жылдың 4 маусымында қайтыс болған азаматша Корчик Елена Геннадьевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Амангелді көшесі 109/41 А, тел.: 8 778 001 08 88.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНА – 27 ЖЫЛ

Қазақстанда ұлттық валюта «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы №1399 Жарлығымен 1993 жылғы 15 қарашада айналымға енгізілді. Кейін, яғни 1997 жылдан бастап, 15 қараша – кәсіби мереке ретінде «Ұлттық Валюта – теңге күні және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің мерекесі» болып белгіледі. Биыл экономикалық тәуелсіздігіміздің нышаны, Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгізіліміне 27 жыл толды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, осы уақыт аралығында еліміз тұтас дәуірге тең жолдан өтті. Ұлттық валюта елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етті, оны айналымға енгізу арқылы ауқымды нарықтық қайта құруға жол ашылды. Бүгінде елімізде заманауи нарықтық экономика бар. Қазақстан әлемдік достастықта көптеген елдер үшін сенімді әріптес бола отырып, өзінің дербес жолымен дамып келеді. Осы орайда теңгенің пайда болу тарихына қысқаша тоқталып өтейік.

Тоқсаныншы жылдардың басында не болғаны көпшіліктің есінде болар: Барлық одақтық республикалар 1990-1991 жылдары тәуелсіздігін жариялап, КСРО құрамынан шыққан соң, Одақ тарап кетті. Алайда банк жүйесі бір мезетте құлдырай алмады, әлі де ортақ валюта – рубль арқылы бірыңғай төлем жүйесі болды. 1993 жылдың шілдесінде Ресейдің өз валютасы – рубльді енгізуі – Қазақстан мен Ресей рублі арасындағы байланыстың түпкілікті үзілгендігін түсіндірді.

1992-1993 жылдары барлық міндет ішінде ұлттық валютаны дайындау және оны айналымға енгізу жобасы ең жауапты әрі шұғыл міндет болды. Ұлттық валютаны енгізу 1993 жылғы 15 қарашаға белгіленді. Ол кезде елімізде ақша бастыратын фабрика болған жоқ. Сөйтіп, төл теңгеміз Ұлыбританиядағы «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын 400 жылдан астам тарихы бар банкот фабрикасында басылып шықты. Жоспарланған іс-шара өте қысқа мерзімде сәтті жүзеге асты.

1995 жылдан бері теңге Алматыдағы Банкнот фабрикасында басылып шығады. Ал темір ақшалар Өскемендегі Монета сарайында соғылады.

Қазақстанда ұлттық валюта өте тығыз мерзімде – небәрі бір жылда әзірленді. Соған қарамастан, теңге жоғары сапасымен ерекшеленді және оны қолдан жасау аса күрделі. Қазақстан теңгесінің 17 қорғау дәрежесі бар. Бұл – сұтамғы белгілері, қорғаныш жіптер, мөлдір терезе, қосарланытын және жасырын бейнелер, микроқаріптер және басқалары. Теңге – әлемдегі ең жақсы қорғалған валюталардың бірі.

Осы уақыт аралығында валютамыздың тұр-түзі бірнеше рет өзгеріп, жанартаылды. Қорғаныс белгілері де жетілдірілді. Ал коллекциялық монеталар, банкноттар

халықаралық байқауларда үздік деп танылып, бірінші орындарды иеленіп келеді. Атап өтсек, «2011 жылғы ең үздік банкнот» атағын 2012 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған номиналы 10 000 теңгелік ескерткіш банкнотына берген болатын. Ұлттық Банктің «Қазақ Елі» сериясынан номиналы 5 000 теңгелік банкноты екінші рет «2012 жылғы ең үздік банкнот» атағын иеленді. Ал Түркі жазба ескерткішіне арналған, номиналы 1000 теңгелік «Күлтегін» ескерткіш банкнотына берілген «2013 жылғы ең үздік банкнот» үшінші атағы тәуелсіз Қазақстан жылнамасындағы тарихи маңызды сәт болды.

Сонымен бірге банкноттармен және монеталармен қатар Ұлттық Банк инвестициялық және коллекциялық монеталарды шығарады. Инвестициялық монеталар бағалы металдардан дайындалған. Олар күмістен, сол сияқты алтыннан да соғылады. Тұрғындар сатып алу күнімен сатыстырылғанда метал құнының айырмасында және бағалы металдардың бағасына қарай ақша табуы мүмкін.

Коллекциялық монеталар – арнайы соғылатын ұлттық валютаның мерей-тойлық, ескерткіш және өзге де монеталары, оларды дайындаған кезде жинақтау үшін қызығушылық танытатын, бұл монеталарға ерекше қасиет беретін күрделі соғу технологиялары мен көркемдік бейнелеу әдістері қолданылады.

Монеталар мерейтойларға, айтулы оқиғаларға шығарылады, сонымен қатар көрнекті адамдарға, тарихи ескерткіштерге, ұлттық дәстүрлерге серия түрінде арналған: «Көшпенділер алтыны», «Қазақстанның петроглифтері», «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары», «Қазақстанның мешіттері мен соборлары», «Ұлы қолбасшылар», «Қазақстанның Қызыл кітабы», «Қазақстанның флорасы мен фаунасы», «Спорт», «Космос», «Шығыс күнтізбесі», «Қазақстан халықтарының ертегілері», «Сыйлық монетасы» және басқа сериялар.

«Коллекциялық және инвестициялық монеталар өз құны бойынша заңды төлем құралы болып табылады, алайда олардың негізгі мақсаты – мәдени-ағартушылық және инвестициялық. Өдетте, олар қатаң шектеулі тараумен шығарылады және Қазақстан аумағында және шет елде коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Коллекциялық монеталарды қазіргі кезде де мемлекеттер тарихи оқиғаларды, мәдениет ескерткіштерін, көрнекті қайраткерлерді мәңгілік есте қалдыру, мерей-тойлық күндерді, мәдениет және спорт саласындағы жетістіктерді атап өту үшін пайдаланады. Олар еліміздің және тарихи дәуірдің «өкілдері», «келбеті» болып табылады.

Қазақстанның монеталары мен банкноттары халықаралық нумизматикалық конкурстарда беделді орындар алып жүр. Ол конкурстарға қазылар ретінде

ғасырлық тарихы бар, әлемдік нумизматика және монеталар соғу саласында көрнекілердің жоғары мәртебесі бар монета сарайларының өкілдері, сондай-ақ Ресейдің, Францияның, Ұлыбританияның, Нидерландтың, АҚШ-тың, Канаданың, Германияның, Украинадың, Литваның және Белоруссияның сарапшылары кіреді.

2007 жылдан бастап, бағалы металдардан жасалған қазақстандық монеталар беделді халықаралық нумизматикалық көрмелер мен байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Сонымен қатар, Қазақстан Ұлттық Банкі халық үшін тазартылған алтынның өлшемдік құймаларын сату және кері сатып алу Бағдарламасын 2017 жылы іске қосты. Алтын құймалар бес түрде ұсынылған: 5, 10, 20, 50 және 100 г. Барлығы 2017 жылдан бастап жалпы салмағы 1,25 т болатын 34 688 өлшеуіш құйма сатылды.

2020 жылдың 9 айында жалпы ел тұрғындары екінші деңгейлі банктерден және айырбастау пункттерінен жалпы салмағы 566,3 кг болатын 13 208 өлшеуіш құйманы сатып алды.

Сатып алушылар арасында салмағы 10 г құйма ең көп сатып алынады. Сатудың жалпы көлемінен оның үлесі 25% – 8 701 дана. Одан кейін 100 грамдық – 7 648 дана (22%), 5 грамдық – 6 414 дана (19%), 20 грамдық – 7 649 дана (22%), 50 грамдық – 4 276 дана (12%) тұр.

Құйма сатып алу бойынша өңірлер арасында көшбасшы – Алматы қаласы (сатылған құймалардың жалпы санынан 55%), одан кейін Атырау (14%), Нұр-Сұлтан (10%) және басқа өңірлер (21%) болды.

Атап өту қажет, алтын құйма – инвестициялаудың сенімді құралы. Құймалардың құны үнемі өсіп отырады.

Қазіргі кезде алтын құймаларын Halyk Банк-тен, Еуразиялық Банктен, Jysan Банк-тен, Банк ЦентрКредиттен, сондай-ақ банктік емес айырбастау пункттерінен сатып алуға және оларға кері сатуға болады.

Қазіргі таңда Ұлттық Банкі өзінің негізгі міндеттері болып саналатын – мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асырумен айналысып келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалының ұжымы барша жерлестерімізді, Ұлттық валюта күнімен құттықтайды және зор денсаулық, бақыт, қаржылық әл-ауқат, құт-береке тілейді!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отыратын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (21-04). «Арысқұм кенішіндегі су айдау жүйесі. №188, 242, 262, 271 ұңғымаларға айдау желілерін жүргізу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отыратын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (21-08). «Күмкөл кенішінің оңтүстік шығыс бөлігінде су айдау жүйесі. №333 ұңғымаларға айдау желісін жүргізу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отыратын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС (21-09-01) «Солтүстік Батыс Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №103, 104, 105 ұңғымаларынан аралық құбырлар тарту» жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-92-11.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отыратын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Тузқол-Мұнай аз Оперейтинг» ЖШС (20-17) «Контейнерлік алаң (Батыс Түзқол кенішіндегі ТМҚ сақтауға арналған қойма)» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgooperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

Мекенің болсын жұмақтан



Тірілікте татулықты ту етіп, жолдастықтың жалауын жықпаған сыныптас досымыз Бекназар Елжеевтен қапыда көз жазып қаламыз деп ойлайды па?! Болмысы бөлек ардақты жан осы жылдың 8 қарашасында арам-аула алыстап, мәңгілік мекеніне кете барды.

Бекназар Елжеев 1961 жылдың 27 сәуірінде өмірге келген. 1983 жылы Қызылорда политехникумын техник-механик мамандығы бойынша бітіріп, №128 кәсіптік-техникалық училищеде мастер болып еңбек жолын бастаған. 1987-2006 жылдары Сырдария аудандық ДОСААФ басшысы,

Қызылорда УОС мекемесінде техника қауіпсіздігі инженері, «Алматы Спецстрой» ЖШС-да механик, 2006 жылдан өмірінің соңына дейін «Қызылорда Дорстрой» ЖШС-да өз мамандығы бойынша абыройлы қызмет атқарды.

Бала күннен бірге өскен Бекназардың біз үшін орны ерекше еді. Балдырған шақтың қызықтарын бөлісе білген абаз жан өмірінің соңына дейін сыйластығымызға сызат түсірмеді. Қуаныш пен қайғы қатар жүреді демекші, сүрінгенде қолдаусымыз, қуаңғанда тілекшіміз болып әрқес жанымыздан табылатын. Өзінің қарапайымдылығымен, достарын баурап алатын асқарқын мінезімен үлкенге іні, кішіге қол сілтер аға бола білді. Аяулы жары Раймен бақытты ғұмыр кешіп, дүниеге ұл-қыз әкеліп, текті тәрбиесін беріп, қыздарын қияға қондырып, немере сүйсе, ұлы Олжас мектеп қабырғасында білім алуда.

Алғашқы дегеніне қарсы келер кім бар? Жазмыштан озмыш жоқ дегендей, ендігі жерде досымыз Бекназардың рухына қуран бағыштап, қол жайғаннан басқа не амал?! Жатқан жерін жайлы, иманын жолдас болсын. Сінің жарқын бейнен біздің жүрегімізде мәңгі сақталды.

Еске алушылар: сыныптас достары

Хабарландыру

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылдың 19 қыркүйектегі №56 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру тетіктерін жүзеге асыру» Қағидасының II параграфына сәйкес, «Байқоныр (Байқонур)» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қоры бойынша мамандандырылған ұйымы ретінде, нарықтағы кәсіпкерлік субъектілерін қант, қарақұмық жармасы және тауық жұмыртқасына займ рәсімдеуе шақырады.

Займ алу үшін өтініш беру 13.11.2020 жылға дейін жүргізіледі. Займ талаптары бойынша жалпы ақпаратты office_spr@mail.ru ресми сайты және 8-(7242)-70-15-44 байланыс телефоны арқылы алуға болады. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №4.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы мен ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қызылорда қаласының №2 соты төрағасының міндетін атқарушы Балғабай Жаңабасқа әкесі

Ұайыр Жаңабасовтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**



Теңізді өлкенің «Толқыны»

Биыл Арал аудандық «Толқын» газетінің жарыққа шыққанына – 90 жыл.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»



Басылымның мерейтойы аудан орталығында аталып өтті. Шарада сөз алған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Толқын» газетінің шығармашылық ұжымы өзінің оқырмандарына өмірде жатқан маңызды оқиғаларды дер кезінде жеткізіп, мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына және мемлекеттік тіл мәртебесінің көтерілуіне зор үлесін қосып келе жатқанын айтып, ұжымға шығармашылық шабыт тіледі.

Мерекелік кеште ақпарат айдынында өзіндік қолтаңбалары қалған ардагер-журналистерге, бүгінгі таңда газетте

қызмет атқарып келе жатқан сала мақтанштарына Алғыс хат пен сый-сияпат табысталды.

Мұнан соң «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев газет ұжымына шығармашылық табыс пен зор жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдіріп, бірқатар белсенді журналистер мен ұжым қызметкерлеріне облыстық ішкі саясат басқармасының және «Сыр медиа» ЖШС-ның Алғыс хаттарын табыс етті.



Жиында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Арал ауданының Құрметті азаматы, дербес зейнеткер Шәкірат Дармағамбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кішкене Айбосынов, жазушы-журналист, журналистика саласының ардагері Еркін Әбілов, «Толқын» газетінің қоғамдық негіздегі тілшісі Иманбай Әйтімов газет тарихынан сыр шертетін естелік әңгімелерімен бөлісіп, пайымды пікірлерін ортаға салды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, Арал ауданының Құрметті азаматы, күйші-композитор Мұрат Сыдықов өзінің арнау жырын оқып, күй-шашуын тарту етті.

Мерекелік шарада газеттің 90 жылдық мерейтойына арналған «Толқын» атты жаңа әннің тұсауы кесілді. Шара барысында қатысушыларға арнап аудан өнерпаздары жыр-термеден шашу шашты.

Айта кетерлігі, ауданның шежіресіне айналған басылым алғаш рет «Екпінді балықшы» деген атаумен жарық көріп, одан «Социалистік Арал» болып халыққа танылып, бергі келе «Толқын» атын еншілеген болатын. Қазіргі таңда 6500 дана таралыммен аудан халқына аптасына екі мәрте жетіп тұрған газет уақыт сұранысына сай оқырман таламынан шығып келеді.

Арал ауданы

Ер шаптым бес ағаштан қиыстырып

Адам баласының атты ауыздықтап мінуі және ер-тұрманды ойлап табуы шын мәнінде ұлы жаңалық болды. Ердің шығуы жайында Орта Азия халықтарында мынадай аңыз бар. «Бірнеше мың жыл бұрын Жәмшид патша ұзаққа созылған жорықтан соң жарақаттанады да, ауырған жерін жеңілдету үшін атының арқасына иленген нан (қамыр, жайма) салғызып мінеді. Ауырған жері жазылып, жайма нанның аттың арқасына келісті формаға келіп, қатая бастағанын байқаған патша, аяғының талғанын қойдыру үшін ат үстінен тұзақ тастап, оған аяғын салады. Патша жайма нанның формасындай етіп ағаш пен былғарыдан зат жасауды бұйырады. Сөйтіп, бұл нәрсені ер деп атайды»

Атты қолға үйрету, оның құрал-жабдықтарын жасау үшін адамзат ғасырлар бойы ұзақ та үлкен жолдан өткен. Атты басқару үшін оның құрал-жабдықтарының, ер-тұрман бөлшектерінің қаншалықты маңызды екенін қазақтың мына мақал-өлеңінен көруге болады.

...Екі тізгін жоқ болса,
Ат басын адам бұра алмас.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас.
Екі үзенті жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.
Бәрі бірдей сай болса,
Шайтан түгіл жын алмас...

Ерте ортағасыр дәуірлерінде жылқы ұстап баптаумен байланысты қолданылатын неше түрлі ер-тұрман жабдықтары қалыптасып, бүгінге жетті.

Ер-тұрманды ең алғаш ойлап тапқан мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі тайпалар екендігінде ешқандай дау жоқ. Өйтсе де, ең алғашқы ер қай жерде, қашан жасалды, оны кім ойлап тапқан деген сұраққа нақты жауап беретін дерек жоқ.

Алғашқы нұсқасы ыңыршақтан басталып, бірте-бірте дамып, қазіргі біз тұтынып жүрген, жетілдірілген түріне жеткен болу керек деп топшылаймыз. Ыңыршақ дегеніміз – көлікке ат, түйе, өгіз, т.б. жануарларға жүк артып жүруге, салт мінуге жарамды қарапайым әбзел. Кей жерлерде ыңыршақты ашамай деп те атай береді.

Енді әңгіме қазақ ершілері жасайтын ер-тұрман жабдықтары жайлы өрбиді. Ердің түрі көп. Ершілер ерте заманнан бері ерлі негізгі үш топқа бөлген. Олар:

Ашамай – бес жасқа дейінгі балалар мінетін ердің өте жеңіл, ықшам әрі қарапайым түрі;

Еркектерге арналған ер. Ондай ер жеңіл, ықшам, берік болады, өте көп әшекейленбейді;

Әйелдерге арналған ерлер сүйегі, қанқасы ауыр әрі алтын, күміс, асыл тастармен, сүйекпен, мүйізбен өте шеберлікпен әшекейленеді. Былғары, барқыт, жарғақ, мауыты, шұғамен қапталады.

Әзірлеу әдісіне орай, ерлер екі түрге бөлінеді, олар:

Сүйегі бүтін ағаштан тұтас шабылған ерлі «сом ер» дейді. Кейде бүтін тұтас шабылған ер деп те атай береді.

Бірнеше бөліктен қосып жасалған ерлі «құранды ер» деп атайды. Оны ағаш аз өсетін аймақтарда жасаған.

Қандай шикізат қолданылғанына, қай үлгіде жасалғанына және сыртқы түріне қарай: сом ер, құранды ер, қазақы ер, қалмақы ер, қырғыз ері, тағы сол сияқты түрлерге бөлінеді.

Осы ердің қаңқасына: желдік, тоқым, тебінгі, айыл, құйысқан, өмілдірік, терлік, үзенті, үзенті бау, таралғы, тартпа, құйысқан, жүген, нокта, шылбыр, тізгін, қамшы, шілдер, өре, тұсау, тұсасыма, кісен, қанжығаны қосып толық түрде ат әбзелдері деп атайды.

Ердің сүйегі негізінен ағаштан шабылады. Кейде ағаш пен темірді бірге қолданады. Ер шабуға қолайлы ағаштар: киіз терек, қайыңның безі, тораңғы және тал. Олар кебе келе әрі жеңіл, әрі өте берік болады.

Ердің сүйегін қаптау үшін көн, қайыз, былғары, жарғақ, қайыңның тозы (қабьғы), барқыт, шұға, масаты сияқты маталар, тарамыс, таспа, желім, бояу, шеге, тағы басқа қолданылады.

Ерді әшекейлеу үшін әртүрлі қымбат бағалы металдар, асыл тастар, шыны,



лажы, бағдар, сүйек, мүйіз, тұяқ, тағы басқа қажет.

Бұлардан бөтен ер-тұрман әзірлеуге киіз, жүн, қыл, жіп, құр тәрізді шикізаттарды пайдалануға болады.

Ердің алдыңғы және артқы қасы болады. Құйрық басар көпшігін басып, аттың жуан қарнын орай тартылған жуан белдікті пыстан деп атаймыз. Ердің қос қапталының астында орналасқан, аттың арқасын жауып тұратын жалпақ киізді тоқым дейді. Тоқым – ат арқасына ер батпас үшін немесе қажап, жараламас үшін салатын, киізден сырып жасалып, сырты былғарымен қаптатылатын тұрман. Ертеректе ақатты адамдар киіз тоқымның айнала жиегін шұға және барқыт секілді қымбат маталармен көмкеріп, сыртын түгелдей қалың былғарымен қаптап, сан түрлі тәсілдермен жүргізілетін ою-өрнектермен коса күміс әшекейлер де жиі қолданытын.

Ер-тұрман – атқа міну үшін қолданылатын жабдық. Оның түрі көп. Тұрмыста қолдану мүмкіндігіне қарай: үлкен ер, жігіт ер, әйел ер, бала ер, тағы басқа болып бөлінсе, жасаған материалына байланысты: қайың ер, қарағай ер, құрама ер, темір ер, тағы басқа түрі бар. Ал, ерді әшекейлеп безендіруіне қарай: алтын ер, күміс ер, оюлы ер, құранды ер деп аталса, кескін-келбеті, яғни пошымна байланысты: қапталды ер, жайпақ ер, биік ер, сауырлы ер, коқан ер, орыс ер, тағы басқа атаулары бар.

Осы ердің қаңқасына: тоқым, желдік, тебінгі, айыл, құйысқан, өмілдірік, қанжыға, үзенті, таралғы немесе үзенті бау, жүген, шылбыр, тізгінді қосып толық түрде ат әбзелдері деп атайды. Ұлттық мұрамыздың жанашыры, шебер ұста, марқұм Дәркембай Шоқпарұлының әдіптеп жазған жырғына назар аударсақ:

Сүйегін сомдап шаптым талды қиып,
Аласа артқы қасы, алды биік,
Атқа да, адамға да жайлы бұл ер,
Аласанды, өкінбейсіз малды жиып.

Ер-тұрман, ат әбзелін күмістеп ем,
Күрделі іс, көп-ақ мұнда жұмыс деген,
Қақталған аппақ күміс жалт-жұлт етіп,
Япырым-ай, дегізгендей кім істеген.

Шаужайы, ауыздығы, сулығымен,
Кекілдік, сағалдырық, баулығымен,

Шылбыры, шығыршықты тізгінімен,
Сымбатты, салтанатты құнды жүген.

Тартпасы, құйысқан мен өмілдірік,
Үзбелеп, әшекейлеп, төгілдіріп,
Дәркембай деген ұста даярлаған,
Көпке арнап көздің майын төгіп жүріп.

Оқпанға бет такасаң мұрын тимес,
Атына жалпақ өрген жырым тимес,
Жақсы ерді жасай алмас ешбір адам,
Қыры мен көкейіне сырын түймес.

Тоқымын қайып тіктім желдігімен,
Көз тартар кісілігі кендігімен,
Таралғы, үзенті, қанжығасы,
Таралып түгенделді енді міне.

Ақын һәм ұста ағамыз айтқандай, ат әбзелдерін дайындау – шеберлікті талап ететін жұмыс. Ертеде аталарымыз, ат үстінде, ер жастанып, толарсақтан саз кешіп жүріп, байтақ даласын қорғаған. Сондықтан да ел аузында, «тұлпар ерді сактайды, ер жерді сактайды» деген тәмсіл бар.

Тарихқа үңілер болсақ, әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып, сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық қасиетімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Өр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сүзудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда, мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтасығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

**Сүйіндік НУРАЛПЕВ,
Ы.Жақаев атындағы
күріш өсіру тарихы музейі
филиалының
ғылыми қызметкері.
Шиелі ауданы**

Жан дүниең бай болсын десең...

(Қызыма хат)

Айналайын! Осы бір тамаша сөзді саған арнаймын, қызым. Мектепте жақсы оқыдың. Жоғары оқу орнын жақсы бітіріп, өзін қалаған ұстаздық жолын бастадың. Үлкен өмірдің үлкен сұрлеу жолына түстің. Мен сенің өмірде толыққанды адам болғаныңды қалаймын. Ол үшін әдеби кітап оқуды жалғастыра бергенің дұрыс. Бұл ғана емес, өмірдің сан қырын, адамдардың психологиясын танып, білу үшін де кітап оқудың маңызы зор. Сен жасың. Бар өмірің алдында. Әлі талай асуларды бағындырасың. Сенің мейірімге толы жан жүрегіңді одан сайын нұрландыратын, рухыңды биіктетіп, біліміңе білім қосатын – сарқылмас, алтын қазына бар. Ол – кітап. Кітап оқуды тоқтатпа. Бұл – менің ұстаз ретінде де, ана ретінде де айтар тілегім.

Заман жасымы. Қарыштап дамыған экономика. Кез келген ақпаратты таба алатын интернет мүмкіндігі. Осыншама мол мүмкіндікті пайдалана отырып, адамның ішкі жан дүниесі толыққанды байи ала ма?

Қазіргі кезде адамдардың көбі бір-бірімен әлеуметтік желі арқылы хабарласып, телесериалдар көріп, эпсанаңдар да оқыды. Сол арқылы әлем жаңалықтарынан хабардармын деп те іштей сенеді.

Адамның сарқылмас қазынасы – рухани байлығы әдеби кітап оқумен толығады. Ішкі жан сырынды, толғандырған мәселелерді кітаппен бөлесің. Өйткені ол сенің сырдың ешкімге айтпайды. Түрлі бейнелер арасында өзіңді еркін сезінесің. Көңіл көкжиегіңмен басқа жерлерді шарлайсың. Олардың тіршілігі мен көрген қиындығын оқығаныңда, өз мәселенің түкке тұрғысыз екенін біліп, тұба етесің.

Оқушы жазымен әдеби кі-

тапқа жақын болдым. Шығарма оқиғаларының кейбір тұстарына күліп алатынмын. Ал кейбір оқиғалардан көзге жас келетін. Осылайша кейіпкерлермен бірге бірде күліп, бірде жылап, қатарларыма қарағанда ерте есейдім. Кітап оқу жан дүниенді байыта отырып, ақылдыңды, жалпы пайымды дамытатынын түсіндім.

Мектепте жүргенде апайым М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқуды тапсырды. Осылайша ақынның он үш жасар балаң бейнесі орнықты. Студент кезімде осы шығарманы қайта оқыдым. Абайдың жастық жігері, Тогжанға деген махаббаты, Біржан сал ауылына келген кездегі жастардың сән-салтанатпен қарсы алуы, ауылды тербеген әсем ән, тәтті күйлер ерекше сезімге бөледі. Мектепте мұғалім болып жүріп, оқушыларымды әдеби кітап оқуға ынталандыра бастадым. «Абай жолын» қайта оқыдым. Білесің бе, балам, бұл жолы роман мазмұны басқаша әсер етті.

Мен Абайдың даналығына бас иідім. Адамгершіліктің озық үлгісін көрдім. Кедейлерге болысып, жастардың бас бос-тандығы үшін күрескен адам-шылығы мен ел арасындағы күрделі дауларды шешерде төбе бе сайлаған халқына әлі-летті шешім айтып, парасат-тылығын көрсеткен, есейген, ақылы толысқан ұлылығын таныдым. «Мыңмен қанжығ алысқан» ақынның шын мәніндегі ұлылығы халқымыздың ұлылығын паш етіп тұр. Бұл шығармада әке ақылы, әже мен ана мейірі, дос көңілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып – бәрі әдемі тоғысқан. Сондықтан ойың еселеніп, ақылдың толығы үшін «Абай жолын» тағы да оқып шығуға кеңес беремін.

Жалпы, әдеби шығармаларды оқу жан-жағындағы адам-

дармен жақсы тіл табысуға, жүйелі оймен тартымды сөйлеуге үйретеді. Қоршаған ортаны танып, әрбір оқиғаны сараптай аласың. Кез келген ортада өзіңді еркін сезініп, ойыңды әдемі жеткізе білесің. Кіммен не туралы әңгіме өрбіткен дұрыс екенін сезінесің. Бұның барлығы – сенің кітап оқуды тоқтатпағаныңның арқасы. Өмірдегі рухани құндылықтарды білу кітап оқуға байланысты. Себебі, «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы».

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Әрбір мамандық иесі нағыз интеллигент болам десе, туған тілі мен әдебиетін білуі керек» деген болатын. Сондықтан да жас маман туған халқының әдебиетін оқуды жалғастырағын жөн. Өйткені әдебиетте сол елдің тарихы да, болмыс-бітімі де тұнып тұр.

Кейде көп ойлардан қажып кетсем, ақын М.Шахановтың «Сверестке пығу» кітабын оқымын. Ақын өлеңдерін оқи отырып, жанымға жақын адаммен тілдесемін. Жасыған жігерімді жаным, бойға құшақтап аламын. Биік рухты жыр-лаған ғұлама каламгердің туындылары қандай тамаша! Ұлы ақын, ойшыл Ө.Науаи «Кітап – ақылы үшін ақи сұрамайтын ең құнды қазына», – деген болатын. Кітап оқи жүріп, ақылдың толысады. Өзіңді танысың. Өзгені танысың. Көпшілік алдында өзіңді еркін ұстауға дағдыланасың. Еңдесе, қызым, кітап оқы. Жан дүниенді байыт. Көзқарасыңды молайт. Өзіңе деген сенімділігіңді арттыр. Мен саған сенемін!

**Нәзігүл МОЛЖІГІТОВА,
аудандық білім
бөлімінің әдіскері.
Арал қаласы**

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.